Қоғамдық - саяси газет / Общественно-политическая газета

Кербұлақ жұлдызы

№ 05 (3961)
01 ақпан
2019 жыл

№ 05 (3961)
01 февраль
2019 год

Газет 1974 жылғы 15 шілдеден бастап шығады / Газета выходит с 15 июля 1974 года

Жұмыла көтерген жүк жеңіл

Алтынемел ауылдық округі

Аудан әкімі Бигелдиев Махаббат Сәдуақасұлы мен Алтынемел ауылдық округінің әкімі Анапиянов Елемес Әбләкімұлының тұрғындармен есеп беру кездесуі Алтынемел ауылдық округінде болып өтті. Есепті кездесуді аудандық мәслихат хатшысы Рысбеков Бөкен Қабиұлы ашып, кездесудің күн тәртібімен таныстырып, регламентін бекітті. Есепті кездесу барысында ауылдық округтің әкімі Е.Анапиянов баяндама жасап, ауылындағы атқарылған шаруалар мен алдағы атқарылатын іс-шараларға тоқталды.

Аудан әкімі Бигелдиев Махаббат Сәдуақасұлы ауданымызда атқарылған шараларға кеңінен тоқталып, ауданның жеткен жетістіктері туралы кең көлемде баяндама жасады.

- Өткен 2018 жылы ауданның экономикалық, ауыл шаруашылығы, білім, денсаулық сақтау, қоғамдық тәртіп және мәдениет салаларында айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізілді.

Өнеркәсіп өндірісінің көлемі 2018 жылы 1 млрд. 889 млн. теңгені құрап, нақты көлем индексі 100,8 % болды.

Өткен жылы «2015-2019 жылдарға арналған аймақтарды индустрияландыру картасы» бағдарламасына 1 жоба енгізілген, ол: Қызылжар округінде орналасқан «Ала-Цем» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің цемент өндіру зауыты. Жобаның жалпы құны 47 млрд. теңгені құрайды. Өндіріс қуаттылығы жылына – 1,2 млн. тонна цемент шығара отырып, 400 адамды жаңа жұмыс орындарымен қамтиды деп жоспарлануда.

Бәсекеге қабілетті агроөнеркәсіптік өндірісін дамыту мақсатында, 2018 жылы ауылшаруашылық саласында тиімді шаралар қабылданды,-деп отырып, ауылшаруашылық өнімдерінің жалпы көлемі – 33 млрд. 38 млн. теңгені құрап,оның ішінде: өсімдік өнімдерінің көлемі – 16 млрд. 234 млн. теңге, мал өнімдерінің көлемі – 16 млрд. 706 млн. теңгені құрағандығына тоқталды.

Ауыл шаруашылығы дақылдарының егістік алқабы 2017 жылмен салыстырғанда 2 мың 745 гектарға артып, 110 мың 675 гектарға жетіп, барлығы 89 мың 475 гектар дәнді дақылдан түсімділігі 21 центнерден 187 800 тонна астық алынғандығын атап өтті.

Аудан әкімі, сондай-ақ, ауданның ветеринария саласына, шағын және орта кәсіпкерлік, инвестиция саласы туралы айтып:

- 2018 жылы «Сумен жабдықтау және кәріз жүйелерін дамыту» бағдарламасы аясында Сарыөзек ауылының кәріз жүйесі құрылысының 1-этапына бюджеттен 515 млн. теңге қаражат бөлінді. Биылғы жылы кәріз жүйесінің құрылыс кезеңінің жұмысын аяқтау мақсатында 564 млн. 435 мың теңге қаражат қарастырылды. Сонымен қатар, Архарлы ауылының ауыз су жүйесінің құрылыс жұмыстарына 44 млн. 224 мың теңге, Майтөбе ауылына 118 млн. 413 мың теңге, Тастыбастау ауылына 78 млн. 990 мың теңге, Қаспан ауылына 167 млн. 771 мың теңге, Жаңалық ауылына 120 млн. теңге және Шанханай ауылындағы сумен жабдықтау жүйесін реконструкциялау, ұңғыманы бұрғылау және су іркуіш ғимараттарын салуға жалпы соммасы 165 млн. теңге қаржы бөлінді. 2018 жылы аудан елді мекендерінің орталықтандырылған ауыз сумен қамтылу деңгейі 87,5 пайыздан 94 пайызға жетті, - дей отырып, алда атқарылатын шараларға кеңінен тоқталды.

Аудан әкімі Бигелдиев Махаббат Сәдуақасұлы мен Алтынемел ауылдық округінің әкімі Анапиянов Елемес Әбләкімұлының баяндамаларынан соң жарыссөзге шыққан ауыл тұрғыны Ашаханов Алим Керімұлы, Байғазы орта мектебінің директоры Барақова Бибігүл Қанатқызы, аудан әкімі мен ауылдық округ әкімінің жұмысына қанағаттанарлық деген баға беру туралы ұсыныс айтса, ауыл тұрғыны Дембицкий Юрий Станиславович шаруа қожалықтарына бөлінетін субсидия және Мәдениет үйі туралы мәселеге көмектесу жөнінде өтініш айтып, әкімдердің жұмысына қанағаттанарлық деген баға беру туралы ұсынысын жеткізді.

- Бүгінгі есеп беру кездесуде үш адам шығып сөйледі. Жұмысымызға баға беріп жатырсыздар. Рахмет! Бұл жұмыстардың барлығын мен ғана емес мына ауданнан келіп отырған бөлімдер мен мекемелер басшыларының, олардың мекемелеріндегі қызметкерлердің арқасында жасалынып жатқаны белгілі,- деген аудан әкімі орынбасары Н.Б.Әденовке Ақбастаудың суын барып көруді, жобаға кіргізу жөнінде жұмыстарды жасауды тапсырса, Доланалы ауылына жасалынған жобаның басы-қасында жүріп қадағалауды тұрғын үй - коммуналдық шаруашылық және тұрғын үй инспекциясы бөлімі басшысының м.а М.Сопбековке тапсырды.

Жайнақ батыр ауылдық округі.

Аудан әкімінің есеп беру кездесуі сол күні Жайнақ батыр ауылдық округінде жалғасын тапты. Қос әкімнің баяндамасын тыңдаған жиналған қауым, қанағаттанарлық деген бағаларын берісті.

Жарыссөзге шыққан Ақбастау ауылының тұрғыны Торғаев Азат Қасымханұлы:

-Жыл сайын әкімдер халық алдында есеп беріп келеді. Ақбастауда клубқа мектеппен бірге жөндеу жұмыстары жүргізілген. Клуб жұмыс жасауда,-дей отырып, аудан әкімі мен ауылдық округі әкімінің жұмыстарына қанағаттанарлық деген баға беру туралы ұсыныс білдіріп, Ақбастау ауылының ауыз суы туралы мәселені қозғады. Доланалы ауылының тұрғыны Қабылов Уәлихан Қабылұлы да қос әкімнің жұмысына қанағаттанарлық деген баға беру туралы ұсынысын жеткізіп, ауылындағы су мәселесінің өзектілігін айтып өтті. «Шакен» шаруа қожалығының мүшесі Еспенбетова Күлсара Жұматайқызы жарыссөзге шығып, әкімдердің жұмысына қанағаттанарлық деген баға беру туралы ұсынысын білдірсе, ауыл қариясы Өнсары Бектемісов мал ұрлығының толастамай тұрғандығын айтып, ренішін білдірді. Аудан әкімі Бигелдиев Махаббат Сәдуақасұлы Жаңалық ауылындағы ауыз су тарту жұмысы биылғы жылы жалғастырылатын-дығы туралы айтып, Қарымсақ ауылының ішкі жолдары туралы мәселе бойынша айналысуды жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы Сарыбаев Еділ Төлендіұлына, ал мектеп мәселесін білім бөлімінің басшысы Ақылбек Бексұлтан Ақылбекұлына тапсырды. Ауыл қариясы айтқан мал ұрлығы туралы мәселемен айналысуды аудандық ішкі істер бөлімінің басшысы Оңғарбаев Талғат Күмісбекұлына тапсырды.

Сарыөзек ауылдық округі

Аптаның бірінші күні аудан әкімі М.С.Бигелдиевтің есеп беру кездесуі Сарыөзек ауылдық округіндегі Күренбел орта мектебінде болды. Кездесуге Алматы облысы табиғи ресурстар және табиғатты пайдалану, реттеу басқармасы басшысының орынбасары Нүсіпбаев Қанат Ақылұлы қатысып отырды.

Аудан әкімі өз сөзінде ауданның жалпы тыныс-тіршілігі туралы айтып өтіп, аудан орталығында болашақта жасалынатын шараларға тоқталды.

Атап айтқанда, 2018 жылы «Сумен жабдықтау және кәріз жүйелерін дамыту» бағдарламасы аясында Сарыөзек ауылының кәріз жүйесі құрылысының 1-этапына бюджеттен 515 млн. теңге қаражат бөлінсе, биылғы жылы кәріз жүйесінің құрылыс кезеңінің жұмысын аяқтау мақсатында 564 млн. 435 мың теңге қаражат қарастырылған. Сондай-ақ, Сарыөзек, Қарашоқы, Көксу, Жайнақ батыр ауылдарының көшелерінің түнгі жарықтандыру жұмыстарының жобалық сметалық құжаттарын әзірлеуге 9 млн. 278 мың теңге бөлінген.

- «Өңірлерді дамыту - 2020» бағдарламасы аясында Д.Қонаев, Ақбастау, Қарымсақ, Жаңалық, Доланалы, Қазынсу мектептерінің ағымдағы жөндеу жұмыстарына 43 млн. 597 мың теңге қаржы бөлініп, жөндеу жұмыстары толық аяқталды. Биылғы жылы Көксу, Архарлы орта мектептерінің ағымдағы жөндеу жұмыстарына 41 млн.57 мың теңге бөлінді.

Абаттандыру жұмыстары бойынша ағымдағы жылы Сарыөзек ауылының кіреберісіндегі стелланың құрылыс жұмыстарының және Сәмен батыр ескерткішінің маңын абаттандыру жұмыстарының жобалық-сметалық құжаттарын әзірлеуге 7 млн. 55 мың теңге қаражат бөлініп, жұмыстар жүргізілуде. Сондай-ақ, «Күренбел су» кәсіпорнының жарғылық капиталын толықтыруға, атап айтсақ, ауданға қажетті арнайы техникалық машиналар алуға 137 млн. теңге бөлінді.

«Нұрлы жер» бағдарламасы аясында, Сарыөзек ауылындағы жеке тұрғын үй құрылысына бөлінген 124 га жер телімінің инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымын салуға 258 млн. 761 мың теңге бөлініп, ауыз су жүйесінің құрылыс жұмыстары жүргізілді. Ағымдағы жылы аталған жер телімдеріне электр желісін тартуға 387 млн. 294 мың теңге бөлінін, құрылыс жұмыстары жүргізіледі. Сонымен қатар, аталған жер теліміне көше жолдарының құрылысын жүргізу үшін жобалық-сметалық құжаттарын әзірлеуге 22 млн. 200 мың теңге қаржы бөлінді. Сондай- ақ, Сарыөзек ауылында салынатын 18 жалғерлік тұрғын үйдің құрылысы мен коммуникациялық желілерін жүргізуге және

абаттандыру жұмыстарына жалпы сомасы 226 млн. 400 мың теңге қаржы бөлінді. Сарыөзек ауылындағы «Өнер мектебі» құрылысының жобалық-сметалық құжаттамасын әзірлеуге 7 млн. 176 мың теңге қаржы бөлінді. Сарыөзек ауылындағы орталық стадионның құрылысының жобалық-сметалық құжаттарын әзірлеуге жергілікті бюджет есебінен 5 млн. теңге қаржы қарастырылды.

Өткен жылы жергілікті бюджет есебінен облыстық маңызы бар Сарыөзек – Қорғас- Қоғалы - Көксу - Қарабұлақ автокөлік жолының 43 шақырымына 1 млрд. 600 млн. теңгеге орташа жөндеу жұмыстары жүргізілді.

Сарыөзек ауылының жаңа ықшам ауданындағы жалпы ұзындығы 7 км көшелеріне және Масанов көшесіне жалпы соммасы 114 млн. 270 мың теңгеге орташа жөндеу жұмыстары жүргізілді.

Биылғы жылы 163 млн. 989 мың теңге құрайтын Сарыөзек ауылының 14 көшесіне орташа жөндеу жұмыстары басталады, -деген аудан әкімі М.Бигелдиев Әбікен Сарыбаев атындағы Мәдениет үйі жанынан «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында «Күренбел» фольклорлық этнографиялық ән-би ансамблінің құралғандығын және ансамбльдің құрамына ауданымыздың жас өнерпаздары тартылып, өз өнерлерін аудан жұртшылығына паш еткені туралы айтып өтті.

Жарыссөзге шыққан Күренбел орта мектебінің тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Қалыбеков Нүркен Қайыпбайұлы, «Алтын алқа» иегері Диханбаева Алтынай Тұрлықұлқызы , кітапхана әдіскері Дәулетова Айдана Нүсіпханқызы, кәсіпкер Қалыбаева Айгүл аудан әкімі мен ауылдық округтің әкімінің атқарған жұмыстарына қанағаттанарлық деген баға беру туралы ұсыныстарын жеткізді. Есепті кездесу барысында Күренбел орта мектебін көгалдандыру туралы және Сарыөзек ауылының ішкі көше жолдарын жөндеу, аудандық кітапханада 25 мың кітап қоры бар үлкендер мен балалар кітапханасының екі ғимаратқа орналасқандығы туралы, кітапхана ғимаратын қарастыру туралы өтініш жасалынды.

Аудан әкімі өз кезегінде орынбасары Әденов Нұрлан Бақтыбайұлына Күренбел орта мектебін көгалдандыру мәселесі бойынша тапсырма беріп, ауылдың көше жолдарының жөнделетінін атап өтті.

- Биылғы жылдың жастар жылы болып бекітілуіне байланысты, жастарымызға не береміз?- деген мәселені қарастырудамыз,-деген аудан әкімі спорт

кешеніне 30 млн. теңге бөлінгендігін, стадионның жобасына қаржы алынып, жұмыстар жасалынып жатқандығын, бассейн салу, стелла құрылысы мәселесінің де қарастырылып жатқандығын жеткізді.

- Ауданымызда адам саны өзгеріп, кейде 49000, кейде 49 700 болып жатады. Шыны керек, адам саны көбейсе, қуанып қаламын. Біздер өсіп-өнуіміз керек. Барлығымыз, әсіресе, жастарымыз еліміздің көркеюі жолында аянбай жұмыс жасаулары тиіс. Ауданымыздың өсіп-өркендеуі жолында жұмыстар жасап жатырмыз. Бүгінгі таңдағы жақсы жаңалығымыз ауданымыз тартымдылығы жағынан республика бойынша 21 орынды иеленсе, облысымыз бойынша 1 қатардан көрінді,-деген аудан әкіміне залда отырғандар ризашылықпен қол соқты.

Бүгінгі есепті кездесу барысында ауданымыздың күннен-күнге көркейіп, даму үстінде екендігін көздерімен көріп жүрген тұрғындар, алдағы атқарылатын шаруалар туралы естіп қайтты.

«Итің жаман дегенде, өлгенім-ай» демекші, ауылың өсіп-өркендейді, көгалдандырылып, жаңа ғимараттар бой түзейді десе, кім қуанбасын? Сарыөзек жұртшылығы да бүгінгі жиыннан қуанышпен, ерекше серпіліспен қайтты.

Шанханай ауылдық округі

Түстен кейін аудан әкімі есепті кездесуін Шанханай ауылдық округінде жалғастырды. Есепті кездесу барысында аудан әкімі Бигелдиев Махаббат Сәдуақасұлы мен Шанханай ауылдық округінің әкімі Толыбаев Қонысбек Қожамқұлұлының баяндамалары тыңдалып, жарыссөзге шыққандар олардың жұмыстарына қанағаттанарлық деген баға беру туралы ұсыныстарын жеткізді.

(Жалғасы 2-бетте)

Баспасөз - 2019

Жазылу бағасы:

Заңды тұлға үшін
6 айға - 1782,30
1 жылға - 3564,60

Жеке тұлға үшін
6 айға - 1530,36
1 жылға - 3060,72

Индексі:
17761 67761

Тел.: 31-1-75

Редакцияның мекен-жайы:
Б.Момышұлы көшесі, 1 «Г»
/ Адрес: ул. Б.Момышулы, 1 «Г» /

Ескерту

2019 жылғы «Кербұлақ жұлдызы» газетіне жазылуға үлгермей қалған азаматтарға пошта бөлімшелеріне, сондай-ақ, редакцияға келіп жазылуға болатынын ескертеміз.

Жұмыла көтерген жүк жеңіл

(Соңы. Басы 1-бетте)

Әрине, «Біткен іске сыншы көп» деген. Ауылдағы әттеген-ай деген жайттар да бүгінгі есепті кездесу барысында айтылып жатты. Шанханай ауылдық округінің «Береке» шаруа қожалығының басшысы Нұрғалиев Төрехан Қасымұлы:

- Майтөбе ауылына су құбыры кіргізілді. Мектепке күрделі жөндеу жұмысы жасалды. Бәрі жақсы, бірақ, «әттеген-ай» дейтін бір мәселе - дәрігерлік-амбулаторияның жағдайы. Мекемеге берілген көмірді, көмір деуге келмейді, күл десе болады. Осы мәселеге және балабақша мен жол мәселесіне көңіл бөлсеңіз,- десе, «Ақжарылқап» шаруа қожалығының басшысы, ауыл қариясы Айдынбаев Нұртай Айдынбайұлы ауылдағы атқарылып жатқан шаруалар жайын айта отырып, 15-шақырымнан

келетін жол жағдайының қинап тұрғандығын жеткізді. Таңқақов Мұратбек ауылдағы жайылымдық жердің аздығын, арық суының азайғаны себепті ағаштардың құрап кеткендігін, ауыз су мәселесінің де тапшылығын айтып, суды жазда бастаудан алып ішіп отырғандықтарын және көше тұрғындарының жаунышашынды күндері батпақтан жүре алмай қалатындықтарын айтып, көшені жөндеу туралы ұсынысын жеткізді. «Меруерт» шаруа қожалығының басшысы Жұмағожаев Сәулеймен ауылдағы клуб, аурухана, Қоянкөз ауылының тұрғыны Сандыбаева Айқан Мәдениет үйінің мәселесін көтерді.

Айта кету керек, аудан әкімі Бигелдиев Махаббат Сәдуақасұлы бұған дейін болған барлық ауылдарда түскен сұрақтарға есеп беру кездесу барысында жауабын беріп, атқарылатын шаруалар болса, тиісті адамдарға тапсырмаларын беріп отырған болатын. Сол әдетінен жаңылмаған ол бірден қойылған сұрақтар мен өтініштерге жауабын берді.

Шанханай ауылындағы медбикеге байланысты сұраққа жауап берген аудандық ауруханаңың бас дәрігері Қалдыбаев Қанат Зекенұлы, ауылда бүгінгі күнге медбике тағайындалғанын жеткізді. Аудан әкімі көмір мәселесі бойынша бас дәрігер тарапынан кеткен кемшілік деп есептейтінін айтып, нашар көмір келіп жатса, одан бас тарту керектігін айтып, қатаң қадағалауды тапсырды. Шанханай ауылына кіреберістегі жолға, көшенің электр жарығына қаржы бөлінгендігін жеткізді.

- Шоқан Уәлихановтың 185 жылдығына орай, Мәдениет үйіне ағымдағы жөндеуге қаржы бөлінді. Сондай-ақ, Шанханай, Көксу, Талдыбұлақ ауылдарында дәрігерлік амбулатория құрылысының және Аралтөбе ауылының дәрігерлік пункт құрылысының жобалық-сметалық құжаттарын әзірлеуге 25 млн. теңге қаржы бөлінді,-деген аудан әкімі жайлым туралы сұрақ бойынша жұмыстар жасауды орынбасары Қожахметов Серікбай Бәкенұлына, су мәселесін орынбасары Әденов Нұрлан Бақтыбайұлы мен тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және тұрғын үй инспекциясы бөлімі басшысының м.а Сопбеков Медет Құсайынұлына тапсырды. Несие алу мәселесі бойынша қойған сұрақ иесімен сөйлесіп, бір жауабын беруді, мүмкіндігіне қарай көмектесуді Алматы облысы кәсіпкерлік палатасы Кербұлақ аудандық филиалы директоры Мырзиев Бекзат Бекболатұлына тапсырды.

- Билік пен халық арасында байланыс болуы керек. Алдарыңызға есеп беріп келгендіктен көкейлеріңізде жүрген сұрақты қойғандарыңыз дұрыс. Кемшіліктер болса түзеп, қажетті қаржыны сұрау үшін де қажет нәрсе бұл,- деген аудан әкімі «Арық айтып, семіз шық» деген сіздердің тарапынан қойылған ұсыныс, тілектердің барлығын жазып алып отырмын, осы айтылған мәселелер бойынша жоспар құрылып, жұмыстар жасалады,- деді.

Қоғалы ауылдық округі

Қаңтардың 29 күні есепті кездесу Қоғалы ауылдық округінің Панфилов атындағы орта мектебінде болып өтті. Күн тәртібіндегі мәселе бойынша сөз алған ауылдық округтің әкімі Исабаев Самат Сәмиұлы округте атқарылған шаруалар туралы баяндап, үстіміздегі жылы атқарылатын шаруаларға тоқталды.

Аудан әкімі Бигелдиев Махаббат Сәдуақасұлы «2018 жылы ауданда атқарған жұмыстары мен 2019 жылға арналған міндеттері туралы» есепті баяндамасын жасады. Аудамымызда атқарылған шараларға жеке-жеке тоқталған аудан әкімі:

- Атқарылған шаруа баршылық, бірақ осымен болдық деп тоқмейілсуге болмайды. «Жасамаған адамға жұмыс жоқ, жасаған адамға жұмыс көп» деген. Алда атқарылатын шаруалар көп,- дей отырып, алдағы міндеттер туралы айтып өтті.

Өткен жылы Қоғалы ауылының Желтоқсан көшесін 7млн.701 мың теңге бөлініп, тиісті жөндеу жұмыстары атқарылған екен. Биылғы жылы Қоғалы, Сарыбұлақ, Сарыбастау, Басши, Жоламан, Қызылжар, Шубар және Жайнақ батыр ауылдарының 16 көшесіне жалпы соммасы 259 млн. 569 мың теңге қаржы бөлініп, жөндеу жұмыстары жүргізілетін болады. Қоғалы ауылдық округіне қарасты Шаған ауылының кірме жолының орташа жөндеу жұмыстарына 200 млн. 800 мың теңге, Панфилов атындағы орта мектебінің күрделі жөндеу жұмыстары мен материалдық техникалық базасын жарақтандыруға 22 млн. теңге қаражат бөлініпті.

Есепті кездесу барысында жарыссөзге шыққан Қоғалы ауылдық округі Аналар кеңесінің төрайымы Сүттібаева Айша Қанапияқызы ауылдық округі әкімінің атқарған жұмысы туралы айтып өтіп:

- Баршаңыз ел үшін жұмыс жасап жатырсыздар. Елі үшін жасалған жұмыс ешқашан халық көңілінен тыс қалмақ емес. Атқарып жатқан жұмыстарыңыз көшелерде шамдар боп жанып, түзу көшелер болып сайрап жатыр. Қаншама жаңа ғимараттар салынды. Мұның барлығы тектен-тек бола қалған жоқ. Оның артында қажырлы еңбек, мандай тер тұр. Сол себепті де, аудан әкімі мен ауылдық округ әкімінің жұмысына қанағаттанарлық деген баға беру туралы ұсыныс айтқым келеді. Жұмыстарыңыз бұдан да жандана бersін дегім келеді,-деген ол, аудан әкімінен көше жолдарын жөндеуге және Қоғалы ауылындағы мектептерге шаңғы алып беру туралы тілегін жеткізді. Жарыссөзге шыққан Панфилов атындағы орта мектептің директоры Қожақанов Серік Смағұлұлы, ауыл тұрғыны Наубаева Мәдина Арыстанқызы есеп берген әкімдерге қанағаттанарлық деген баға беру туралы ұсыныстарын айта отырып, бірі спорт алаңын салу туралы, енді бірі Панфилов көшесінің жарығының жанбай тұрғандығын айтып, көмек сұрады.

Тастыөзек ауылының тұрғыны Тұрбеков Серік Әбдірахманұлы мектептің ескіріп кеткендігін айтып, мектеп ғимаратын салып беру туралы ұсынысын жеткізді. Аталған ауылдың тұрғыны Тілеулинова Айжан Сембайқызы ауыз су мәселесін, Қоғалы ауылының тұрғыны Нұрбекова Күләш Әуезов, Абылайхан көшелерінің тұрғындарының судан тапшылық көріп отырғандығын жеткізіп, қолұшын беруді өтінді.

Түскен сұрақтарға жауап берген аудан әкімі шаңғы алып беру туралы мәселені аудандық білім бөлімінің басшысы Ақылбек Бексұлтан Ақылбекұлына тапсырды. Панфилов орта мектебінің күрделі жөндеу жұмысына қаржы бөлінгендігін атап өтті. Стадион мәселесі бойынша барып көріп, кімнің балансында тұрғандығын анықтауды орынбасары Әденов Нұрлан Бақтыбайұлына тапсырды. Түнгі көше жарығы бойынша жұмысты аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және тұрғын үй инспекциясы бөлімі басшысының м.а. Сопбеков Медет Құсайынұлына тапсырды. Тастыөзек ауылы мектебінің жай-күйін көріп, анықтауды орынбасары Әденов Нұрлан Бақтыбайұлы мен білім бөлімінің басшысы Ақылбек Бексұлтан Ақылбекұлына, ауыз су мәселесі бойынша жұмысты көріп, ұсыныс енгізуді орынбасары Әденов Нұрлан Бақтыбайұлына, аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және тұрғын үй инспекциясы бөлімі басшысының м.а. Сопбеков Медет Құсайынұлына тапсырған аудан әкімі:

- Азды-көпті атқарған жұмысымызға қанағаттанарлық деген баға беріп жатырсыздар. Үлкен рахмет айтамын. Алайда баға берудің соңында үлкен жұмыстар жүктеліп жатқанын да жақсы сезінемін. Сіздердің сенімдеріңізді ақтау жолында бірлесіп жұмыс жасаймыз,-деп сөзін қорытындылады.

Талдыбұлақ ауылдық округі.

Аудан әкімінің есепті кездесуі сол күні Талдыбұлақ ауылдық округінде жалғасын тапты. Есепті кездесу барысының күн тәртібіндегі қаралып отырған сұрақ бойынша Талдыбұлақ ауылдық округінің әкімі Қашқымбаев Марат Метербайұлы баяндама жасап, 2018 жылы ауылда атқарылған шаруалар туралы айтып, 2019 жылы атқарылуға міндетті жұмыстарға тоқталды.

Аудан әкімі Бигелдиев Махаббат Сәдуақасұлы «2018 жылғы ауданның әлеуметтік-экономикалық даму қорытындысы және 2019 жылға міндеттері туралы» есепті баяндамасын жасады.

-Өткен жылы ауданның барлық деңгейдегі әкімдерінің аудан тұрғындарымен өткен есепті кездесулерінде түскен сұрақтар бойынша жұмыстар атқарылып, оң шешімін тапқанын, тек бір сұрақтың келісім-шартынның ұзартылуына байланысты биылғы жылы орындалатынын жеткізген аудан әкімі ауданның әр саласына, атап айтқанда, ауыл шаруашылығы, өндіріс, әлеуметтік сала сияқты әр салада жеткен жетістіктер мен кеткен кемшіліктер туралы айтып, ауданымызда 2019 жылы атқарылатын шараларға кеңінен тоқталды.

Жарыссөзге шыққан ауыл тұрғыны Асанов Болат Мырзаханұлы аудан әкімі мен ауылдық округ әкіміне қанағаттанарлық деген баға беру туралы ұсынысы мен қоса ауылдың кірмежолына шағыл болса да төсеп беруді және басталған істі соңына дейін жеткізіп, су мәселесін шешіп беру туралы өтінішін жеткізсе, «Калинка» ансамблінің жетекшісі Евдакова Ольга Филипповна аудан әкімінің барлық салаға, әсіресе мәдениет саласына жете көңіл бөліп отырғандығына, соның айқын айғағы - ауданымыздағы «Күреңбел» фольклорлық-этнографиялық ән-би ансамблінің құрылуы деп, ризашылығын айтып, аудан әкімі мен ауылдық округтің әкіміне қанағаттанарлық баға беру туралы ұсынысын білдірді. Диханбаев Құдайберген Сембайұлы ауылда клуб жоқ, өнерлі жастарымыз көп, баратын жері жоқ десе, Қапанов Қазбек Талдыбұлақ ауылдық дәрігерлік амбулаториясының жағдайын айтып, кіреберіс жол мен ауылда бір дәріхана ашуға көмектесуді сұрады. Минина Алла Михаиловна жер мәселесін қозғады.

Аудан әкімі бүгінгі есеп беру кездесу барысында түскен сұрақтарға жауап берді.

- Ауыз су мәселесі қарастырылып, бүгінгі күні жобалау-сметалық құжатына қаржы бөлінді,-деген аудан әкімі осы істің басы-қасында болып, бірге жүруді ауылдық округ әкіміне тапсырды.

- Кірме жолдың осы кезге дейін құжаты болмай, иесіз деп танылып келген. Бүгінгі таңда құжатын жасатып жатырмыз. Бұл жұмыс бақылауда тұр, мектеп мәселесі жөнінде қойылған сұрақ бойынша бүгінде мектептің жобалау-сметалық құжаты жасалынып, мемлекеттік сараптамада,- деген аудан әкімі Бостан клубының мәселесін қадағалауды орынбасары Қожахметов Серікбай Бәкенұлына, жұмыстар жүргізуді ауылдық округ әкімі Қашқымбаев Марат Метербайұлына тапсырды.

Фельдшерлік-акушерлік пунктің жобалау-сметалық құжатына бүгінде қаржы бөлінді. Болашақта бұл шаруа да бір жақты болатынын айтып, жер мәселесі туралы сұрақ бойынша мәселені анықтауды орынбасары Қожахметов Серікбай Бәкенұлына және аудандық прокуратураның прокуроры Олжабеков Ерлан Аликұлына тапсырды.

Ләйлә ЕСКЕНДІРҚЫЗЫ

Жастар жылы - жаңашылдыққа бастау жылы

Бүгінгі "Тәуелсіздіктің ұрпақтары" атауымен Жастар жылының ашылу салтанатын Кербұлақ ауданы тұрғындары мен жастары тікелей эфирден көріп, соңынан пікір алмасты. Жалпы осы ашылу салтанатының Мемлекет басшысының қатысуымен өткені де Елбасымыздың жастарға, олар тарапынан атқарылып жатқан әрбір іске аса зор мән беретіндігін тағы да бір көрсетіп отыр. Іс-шара барысында жас қазақстандықтар жүзеге асырған табысты жобалар мен жаңа өнімдердің таныстырылымынан кейін Елбасы «Мемлекет басшысы ретінде бүгінгі қазақстандық жаңа ұрпақты көре отырып, бұл Қазақстанның үлкен жетістігі мен менің, Мемлекет басшысы ретінде атқарған жұмысымның үлкен нәтижесі» деп атап өтті.

«Ел басқарам деген әрбір азаматтың елге айтар өз ойы болуы керек» деп жастарға заман талабына сай талпыныс қажеттігін айтты. Бұл тұрғыда мемлекет тарапынан бірқатар ұтымды шаралар ұйымдастырылып жатқандығы да белгілі. Бұған қосымша бүгін Елбасы Жастар жылында жастарға тың серпіліс беретін тағы да 4 тапсырма берді. Бұл тапсырмаларда көрсетілген әрбір мәселе тек жастардың болашағына, олардың Қазақстанның дамуына сүбелі үлестерін қосатын жағдай жасауға арналған іс-шаралар.Ендеше, біз Елбасы сенімін ақтайтындай креативті жастарды тәрбиелеу, еліміздің өркениетті ең дамыған 30 елдің қатарына қосылу жолында аянбай еңбек етейік.

Г. КАМАМБАЕВА,
«Нұр Отан» партиясы Кербұлақ аудандық филиалы
төрағасының бірінші орынбасары

Жалынды «Жастар жылы» болашаққа артқан үлкен жауапкершілік

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Жастар жылы» деп жариялауы - біздерге, жастарға үлкен мүмкіндік. Елбасымыз әрдайым жастарға үміт артып, «Еліміздің болашағы – жастардың қолында» деп айтып келеді. Сондықтанда Егемен еліміздің жастары осындай мүмкіндікті текке жібермеуіміз қажет. Менің ойымша, елге қызмет етудің де, өз мүмкіндіктерімізді кеңейтіп шыңдаудың да белгіленген мерзімі де, ерте-кеші де болмайды.

Партияның бастамашыл жобаларының, оның ішінде тілдердің үштұғырлығына өту, IT сыныптар ашу, IT мамандарын даярлау, партияның белсенді жастары және де т.б. жобалары барлығы жастардың заман талабына сай бейімделуі мен бәсекеге қабілетті тұлға болып қалыптасуына арналған тың бастамалар. Бұл Елбасымыздың жастардың қоғамның қалыптасуына етене араласуына барлық жағдай жасап келе жатқандығының тағы бір белгісі.

Ауданымызда осы жастар жылына байланысты, партиямыздың 20 жылдығына орай жастар форумын өткізбекпіз. Форумның негізгі мақсаты – жастардың белсенділіктерін күшейту, жастар арасында жаңаша көзқарас қалыптастыру, тың серпіліс беретін жетістіктер мен алда тұрған міндеттерді айқындау.

Елбасы қабылдаған әр шешім, соның ішінде жастарға айтылған үндеу бізге тың серпіліс береді.Ендігі біздің мақсат - Жастарға деген ел Елбасы сенімін ақтап, еліміздің өркендеуі жолында аянбай еңбек ету.

Маржан МЕКЕТАЙ,
"Нұр Отан" партиясы Кербұлақ аудандық филиалының эксперті.

Тіл - тұғырын

Тіл - халықаралық қызметте

Қазақ тілі бүгінде ғылым мен білімнің, интернеттің тіліне айналды. Қазақ тілінде білім алатындардың саны жыл өткен сайын көбейіп келеді. Еліміз бойынша мемлекеттік тілді оқытатын орталықтар жұмыс атқарады, олардан мыңдаған азаматтар қазақ тілін үйреніп шығуда, әлі де үйренуде.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі - қазақ тілі. Мемлекеттік тіл - мемлекеттің бүкіл аумағында қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс қағаздарын жүргізу тілі болып табылады.

Қазақстан халқын топтастырудың аса маңызды факторы болып табылатын мемлекеттік тілді меңгеру - Қазақстан Республикасының әрбір азаматының парызы. Қазақстан Республикасында мемлекеттік тіл және барлық басқа тілдер мемлекеттің қорғауында болады. Мемлекеттік органдар бұл тілдердің қолданылуы мен дамуына қажетті жағдай жасайды.

Тілдің дамуы мемлекеттік тілдің басымдығын және іс қағаздарын жүргізуді қазақ тіліне кезең-кезеңмен көшіруді көздейтін Қазақстан Республикасы Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарымен қамтамасыз етіледі. Мемлекеттік тілді белгілі бір көлемде және біліктілік талаптарына сәйкес білуі қажет кәсіптердің, мамандықтардың және лауазымдардың тізбесі Қазақстан Республикасы заңдарымен белгіленеді.

Қазақстан Республикасының дипломатиялық өкілдіктері мен Қазақстан Республикасының халықаралық ұйымдар жанындағы өкілдіктерінің қызметі мемлекеттік тілде, қажет болған жағдайда басқа да тілдер пайдаланылып, жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының шет мемлекеттермен екіжақты халықаралық шарттары Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілінде және тараптардың келісуі бойынша өзге де тілдерде жасалады. Қазақстан Республикасының халықаралық ұйымдармен екіжақты халықаралық шарттары және Қазақстан Республикасының көпжақты халықаралық шарттары келіссөздерге қатысушы тараптардың келісуі бойынша айқындалған тілдерде жасалады.

Қазақстан Республикасында басқа мемлекеттер өкілдерімен өткізілетін ресми қабылдаулар мен өзге де шаралар басқа тілдерге аударылып, мемлекеттік тілде жүргізіледі.

М.ТУРСУМБАЕВА,
аудандық Әділет басқармасының инспекторы,
Қазақстанның заңгерлер одағының мүшесі

Латын әліпбиі – рухани жаңғырудың негізі

Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында қазақ тілін біртіндеп латын әліпбиіне көшіру жұмыстарын қолға алуды таяу жылдардағы міндеттердің бірі деп атап көрсетті. Осы уақытқа дейінгі Жолдауларында Елбасы: «2025 жылдан бастап әліпбиді латын қарпіне, латын әліпбиіне көшіруіміз керек, себебі ол - қазақ тілін жаңғыртуға жағдай тұғызатын маңызды мәселенің бірі» деп бірнеше мәрте айтып өткен болатын.

Латын әліпбиіне көшу - ұлтымыз үшін жасалған маңызды қадамдардың бірі, ұлтымыздың санасын бұғаудан босатады, түркі және жаһандық әлемімен ықпалдасуға, қазақ халқы ертеден қолданған әліпбиімізге қайта оралып, ұлттық санамыздың қайта жаңғыруына жол ашады. Елбасымыздың «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» атты мақаласы барша қазақстандықтардың ұзақ күткен және жаппай мақұлдап, қолдауына ие болған тарихи бастама болғандығын, бұл игі бастаманы ел ішінде насихаттап, лайықты жүзеге асыру – баршамыздың парызымыз деп білемін.

2025 жылды мемлекеттік тілдің күмәнсіз, өткенге қайта оралмастай болып белең алып, шыңға шығар, сыртқы бедер-бейнесін өзгертіп, жаңа, жаңғырған дәрежеге көтерілмек межесі ғана емес, атқарылар ауқымды істердің, жұмыла кірісер жұмыстардың жоспарына айналып отыр. Еліміздің азаматтарының 100 пайыз мемлекеттік тілді меңгеруі, латын әліпбиіне көшу, заманауи талап – көптілділік, полилингвизм, міне, осынның барлығы 2025 жылға дейін атқарылар ауқымды іс-шаралар.

«Жұмыла көтерген жүк жеңіл» демекші, баршамызды ана тіліміздің мерейлі мәртебесін асқақтататын алдағы ауқымды істерді салиқалы, сауатты жүргізуді қолға алып, осы бағыттағы жобаларға белсене атсалысуға шақырамын!

Әділжан ӘДІЛХАН,
спикер, аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы

Елбасымыз «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында өткеннің өнегесін - бүгіннің баға жетпес құндылығын ескеріп, қазақ еліне еңбегі ерен ерлеріміздің есімдерін ұрпаққа таныту баршаның міндеті екенін атап көрсетті. Қазақстанда ақылмен, дарынмен таныған 100 жаңа есімді, заманауи Қазақстанды жасап жатқан адамдарды және ауданымыз бойынша ұсынылған есімдерді қоғамға, соның ішінде оқушыларға таныту мақсатында мектебімізде біраз іс-шаралар ұйымдастырылды. Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласындағы «Туған жер» және «Ата-баба дәстүрі - ұрпаққа аманат» бағдарламасы негізінде жас ұрпақты тәрбиелеуді жандандыру мақсатында ұлтымыздың құндылықтарын кеңінен насихаттау арқылы олардың бойына ұлттық патриотизмді, ұлтжандылықты, өз туған жерінің тарихын, географиясын, сол жерден өсіп шыққан зиялы іскер азаматтарды танып білуге бағыт беруді іске асыру негізге алынды.

Ерліктің үлгісіне айналып, елім деп еңіреп өткен батыр бейнесі халық жадында мәңгі сақталады. Кесек тұлғалар мен жаужүрек баһадурлерімізің есімі елдің жүрегінен орын алған. Ұрпақтары да ұлықтаудан жалыққан жоқ. Сондай бабаларымыздың бірі – Нұрмолда Алдабергеновтың ерен еңбегін өскелең ұрпаққа үлгі-өнеге ету мақсатында мектебімізде «Еңбек ер атандырады» тақырыбында іс-шара өтті.

Сонымен қатар, әлемдік деңгейдегі бедел иесі, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың өмірі мен еңбек жолы жасампаздық өнегесі екені ақиқат. Қоғам қайраткері, заманымыздың заңғар тұлғасы, өз заманының көшбасшысы Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың 107 жасқа толуына орай, "Алатаудай асқақ тұлға" атты еске алу кеші болып өтті. Дінмұхамед Ахметұлының 107 жылдық туған күніне орай мектеп оқушыларына Алматы қаласындағы Д.Қонаев мұражайына бір күндік танымдық саяхат ұйымдастырылды.

Қарттар - еліміздің алтын қазынасы. Ортамызда жүрген ардагерді қадірлеу - біздің парызымыз. «Ардагерлерді ардақтайық» жобасы бойынша ардагер ұстаз К.Аталықовқа барып, ауласын қардан тазартып қайтты. Ардагерлердің өмірлік тәжірибелері мен ақыл-кеңестері, тәлім-тағылымдары өскелең ұрпақ үшін орны бөлек.

«Туған жер» жобасы аясында 12 миллион жылдан астам тарихы бар Шарын шатқалдары, Қайынды, Көлсай көлдері, Есік, Бесшатыр обалары, Түрген шатқалы – Жетісудың теңдесі жоқ табиғи байлығы. Осы өлкелерді біздің мектебіміздің оқушылары түгелдей саяхаттап барып қайтты.

«Латын әліпбиіне көшу – еліміздің рухани өміріндегі елеулі қадам» тақырыбында мұғалімдер арасында дөңгелек үстел өткізілді. Ұстаздар қауымы өз пікірлерін ортаға салып, жаңа әліпбидің негізгі құндылықтарына баса назар аударды. Сонымен қатар, 10 сынып оқушыларымен қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Р.Байжан «Латын әліпбиіне көшу заман талабы ма, әлде қажеттілік пе?» тақырыбында дебат өткізді.

Бағдарламаның ауқымды бөлігі мектеп қабырғасынан басталатыны баршамызға аян. Әсіресе, «Туған жер» бағдарламасын жүзеге асыруға елім деген әр азамат үлес қосуы тиіс. Кең-байтақ қазақ жерінің әрбір тасы, тауы мен суы, орманының қадірін әспеттейтін жобалар көптеп ұсынылса, оқушыларға айрықша әсер етеді. Париотизмнің ең жақсы үлгісі мектепте туған жердің тарихын оқудан басталады. Сондықтан Елбасы ұсынып отырған бұл бағдарламаны ұжым болып қолдап, оны дамытуға үлес қосудамыз.

К.КЫСТАУБАЕВА,
аудандық мәслихатының депутаты, спикер

Еліміздің басты бағдары

Елбасы Н.Ә.Назарбаев айтқандай, «Қазақстанның бүгіні мен болашағы – халқымыздың ынтымақ-бірлігінде, ырыс-құтты тірлігінде». Сол бірліктің арқасында еліміз экономикалық даму мен әлеуметтік жаңару, жаңғырудың даңғыл жолына түсті. Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы Жолдауда қозғалған бағыттарды кеңінен тарқатып, мемлекеттік идеологияны анықтайтын, көпке түсінікті, рухани жаңғыртуға бағытталған құжат деп білемін. Мақаланы оқи отырып, оның әрбір сөйлемінде бүгініміз бен болашағы жарқын Қазақстанға апаратын нақты жоспар, мақсат көрсетілгендігін түсіндім.

Елімізде әлеуметтік-экономикалық, саяси реформалар жақсы жүзеге асуда. Ал бұл мақаладағы рухани өрлеу, рухани жаңғыруды біздің дамуымыздың ең басты тұғырларының бірі деп есептеймін. Әр халық, әр мемлекет қасырлар беделінде рухани жаңғырып, жаңарып отырады. Ал рухани жаңғыру мен жаңаруда білім берудің рөлі зор. ««Рух үшін өмір сүрген өмір ғана рахатқа жеткізеді» дегендей, рухымызды көтеріп, руханилық жағына тереңірек үңілетін күн туды. «Уақыт қарқыны зымыран. Күні кеше өткен сияқты оқиғалар бүгінде тарих беттеріне айналып та үлгерді. Бұл жаңа мемлекет пен жаңа қоғамның дүниеге толы, ғаламат сәті еді. Сол сәт әлі аяқталған жоқ, бірақ ең қиын белестерден өттік. Ең қиын жылдар қазір артымызда қалды, сондықтан да мен еліміздің еңсесі биіктей беретініне сенемін» деген мемлекет басшысы.

Болашақта ұлттың табысты болуы оның табиғи байлығымен емес, адамдарының бәсекелік қабілетімен айқындалады. Сондықтан, әрбір қазақстандық жастар сол арқылы тұтас ұлт XXI ғасырға лайықты қасиеттерге ие болуы керек. Мысалы, компьютерлік сауаттылық, шет тілдерін білу, мәдени ашықтық сияқты факторлар әркімнің алға басуына сөзсіз қажетті. Халқымыз ғасырлар бойы туған жердің табиғатын көздің қарашығындай сақтап, оның байлығын үнемді әрі орынды жұмсайтын теңдесі жоқ экологиялық өмір салтын ұстанып келді. Тек өткен ғасырдың ортасында, небәрі бірнеше жыл ішінде миллиондаған гектар даламыз аяусыз жыртылды. Баяғы замандардан бері ұрпақтан ұрпаққа жалғасын келген ұлттық прагматизм санаулы жылда адам танымастай өзгеріп, аста-төк ысырапшылдыққа ұласты. Соның кесірінен, Жер-Ана жаратылғаннан бері шөбінің басы тұлпарлардың тұяғымен ғана тапталған даланың барлық құнары құрдымға кетті. Түгін тартсаң майы шығатын мыңдаған гектар миялы жерлеріміз экологиялық апат аймақтарына, Арал теңізі аңқасы кепкен қу мекен шөлге айналды. Осынның бәрі – жерге аса немқұрайлы қараудың ащы мысалы. Біз жаңғыру жолында бабалардан мирас болып, қанымызға сіңген, бүгінде тамырымызда бүлкілдап жатқан ізгі қасиеттерді қайта тіріптіуіміз керек.

Ұлттық жаңғыру деген ұғымның өзі ұлттық сананың кемелденуін білдіреді. Оның екі қыры бар. Біріншіден, ұлттық сана-сезіминің көкжиегін кеңейту. Екіншіден, ұлттық болмыстың өзегін сақтай отырып, оның біркатар сипаттарын өзгерту. Ел Президентінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласын зер сала оқып шықтым. Елбасы елдің бүгіні мен болашағы туралы ой толқындарын – қуатты сезім ағысымен жүректен жүрекке жеткізе отырып толғана, тебірене сыр шерткенде, еріксіз бас шайқайсыз. Оның Отанға, елге, ұлттық құндылықтарға деген сүйіспеншілігі сүйісінтеді. Ұлттық болмыс пен бірегейлікті сақтай отырып, сананы жаңғырту және еліміздіккке ұмтылу Елбасы мақаласының өң бойына алтын арқау болып өрілген.

Тәуелсіздіктің нығаюы, дамыған елге айналуымыз үшін қазақстандықтар алға батыл қадам басып, жоғары технологияларды меңгеруі, озық стратегиялармен жұмақтануы, халықаралық коммерциялық әрі концептуалды жобаларды ілгерілетуі маңызды.

Елбасы Н.Назарбаевтың айтуы бойынша: «Біз басқа халықтардың рөлін төмендетіп, өзімізідің ұлылығымызды көрсетейін деп отырғанымыз жоқ. Ең бастысы, біз нақты ғылыми деректерге сүйене отырып, жаһандық тарихтағы өз рөлімізді байыппен әрі дұрыс пайымдауға тиіспіз». Қазақ халқы - бай халықтардың бірі. Кең байтақ жеріміздің жеті қырын айтып өту өте маңызды. Тарихтың сонау терең сахнасына үңілсек, халқымыздың киелі саналатын төрт түліктің бірі жылқының адам үшін атқаратын қызметі жоғары бағаланады. Бұл түлік - адамның жан серігі, айырылмас досы. Атқа міну салтының да негізін қалаған біздің халық.

Этнографиямызға шолу жасасақ, халқымыздың қаншалықты бай екенін анық байқай аламыз. Салт-дәстүріміздің ерекшелігін, ұлттық аспаптарымызы - домбыра, қобыз үнін естігенде тебіренбейтін жан жоқ шығар, сірә!? Халқымыздың тілі өте бай. Мен мұны қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің маманы ретінде айта да, мақтана да аламын. Оның бірден бір дәлелі: М.Әуезовтың «Абай жолы» роман эпопеясы. Ұлы жазушы бұл туындысында бір сөзді екінші рет қайталамай жазуының өзі тіліміздің бай екенін көрсетеді. Сонымен қатар, бұл туынды да халқымызың әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі айқын көрсетілген. Сан алуан халық өз әлемінің кереметін мақтан тұтады, ал мен үшін әлемдегі ең бай халықтардың бірі - қазақ халқы. Еліміздің одан әрі көркеюіне әр адамзат баласы ат салысса, біз одан әрі жоғары белестерді бағындыра алатындығымызға сенімдімін.

Руслан БАЙЖАН,
Күреңбел қазақ орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, спикер

ҰЛТТЫ ТАБЫСҚА АПАРАР ЖОЛ - РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

«…Замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғы шарттарына айналдыра білу қажет. Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды».

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаев

Тұңғыш Президентіміз Н.Ә.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында: «Табысты болудың ең іргелі, басты факторы білім екенін әркім терең түсінуі керек. Жастарымыз басымдық беретін межелердің қатарында білім әрдайым бірінші орында тұруы шарт. Себебі, құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жетеді» деген болатын. Яғни, білімді ұрпақтың еліміздің табысты болуында алар орны зор екендігі белгілі. Олай болса білім мекемесінің басты мақсаты - өзіндік рухани-азаматтық құндылықтарын оқушы бойына дарыта отырып, оның жүрек түкпіріндегі рухани қазынасын жарыққа шығару.

Ұлы бабамыз әл-Фараби: «Тәрбиелеу дегеніміз - адам бойына білімге негізделген этикалық иғиліктер мен өнерлерді дамыту» деген қанатты сөз қалдырып кеткен екен. Бұдан туындайтын міндет – өскелең ұрпақты рухани мұралар сабақтастығын сақтай отырып, ұлттық иғиліктер мен адамзаттық құндылықтарға тәрбиелеу.

Руханилық - жеке тұлғаның негізгі сапалық көрсеткіші. Руханилықтың негізінде адамның мінез-құлқы қалыптасады, ар-ұят, өзін-өзі бағалау және адамгершілік сапалары дамиды. Қазіргі заманғы мемлекет құрудың бағыттарын айқындаған «Ұлт жоспары – 100 нақты қадам: баршаға арналған қазіргі заманғы мемлекет» атты реформасы ел өміріндегі ерекше саяси оқиға болды. Яғни, басты міндет – әлеуметтік белсенді тұлғаның қалыптасуына мүкіндік беретін өз тарихын жетік меңгерген, салт-дәстүрін ұғынып, құрметтейтін, өзге ұлттардың мәдениетіне сыйластықпен қарап, қарым-қатынас жасай алатын тұлғаны қалыптастыру. Бұл міндетті шешу үшін, белсенді азаматтық көзқарас, рухани-адамгершілік дәстүрлердің сақталуы, отансүйгіштік сезім, өз Отанына деген мақтаныш сезімі, әлемдік өркениет жайлы сауаты бар, бірақ өз елінің мәдениетін жоғары сезіммен бағалау сияқты қасиеттер жастар бойынан табылуы тиіс.

«Тіл адамды көкке көтереді, тіл арқылы ол бақытқа жетеді» деп ұлы ғұлама Жүсіп Баласағұн бабамыз бекер айтпаған. Тіл – қазақтың жан дүниесі, рухани негізі, ел еркіндігі мен ұлтты таныстатын басты белгі. Ана тілі – әр адамға ананың ақ сүтімен бойға жетіп, ананың әлдиімен, бесік жырымен құлаққа сіңіп, атадан-балаға жетіп отыратын ұлы күш. Жаһандану дегеніміз қарапайым сөзбен айтқанда жоғары деңгейге жеткен елдермен қарым-қатынасымызды нығайту. Соның бірі - тілдік коммуникация. Қазақстанның тілдер саясатындағы басты бағыт – тілдердің ұштұғырлылығы. Елбасының: «Қазақ тілі үш тілдің біреуі болып қалмайды. Үш тілдің біріншісі, негізгісі, бастысы, маңыздысы бола береді» - деген ойлы сөзін ескергеніміз абзал. Ал, ұлы педагог К.Д.Ушинский: «Логикалық ойлау-логикалық сөйлеудің негізі, ал мұны–логикалық сөйлеуді – отандық тіл ұстазы дамытуға тиіс» - деп көрсеткен. Бұл мектептерде оқушы тілін дамыту аса қажетті де, күрделі жұмыс екенін байқатады. Көп тілді оқыту – жас ұрпақтың білім кеңістігінде еркін самғауына жол ашатын, әлемдік ғылым құпияларына үңіліп, өз қабілетін танытуына мүмкіндік беретін қажеттілік болып саналады.

«Мәңгілік Ел» идеясын жүзеге асыру, ұлттық құндылықтарды тұлғалық қасиетке айналдыру, білім мен тәрбие беру жұмыстарын ұштастыру мәселелерін қарастырудың алар орны ерекше. Осы ретте мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында: «Екі дәуір тұйіскен еліара шақта Қазақстанға түбегейлі жаңғыру және жаңа идеялар арқылы болашағын баянды ете түсудің теңдессіз тарихи мүмкіндігі беріліп отыр. Мен барша қазақстандықтар, әсіресе, жас ұрпақ, жаңғыру жөніндегі осынау ұсыныстардың маңызын терең түсінеді деп сенемін.

Елімізде болып жатқан өзгерістерге сәйкес білім беру саласы да өзгеруде. Жүргізіліп жатқан өзгерістер жеке тұлғаның өзіндік дамуына мүмкіндік жасайтын жаңа жүйені қалыптастыруға бағытталуда. Сондықтан да, қазіргі таңда білім беру жүйелерінің алдында тұрған негізгі міндет баланы шығармашыл тұлға ретінде қалыптасуына негіз қалау болып табылады.

Халқымыздың ардақты ұлдарының бірі Міржақып Дулатов: «Жалғыз сүйеніш, жалғыз үміт – оқуда.Тендікке жетсек те, жұрттығымызды сақтасақ та, дүниедегі сыбағалы орнымызды алсақ та, бір ғана оқудың арқасында аламыз. Жақсылыққа бастайтын жарқын жұлдыз – оқу. Надан жұрттың күні-қаран, келешегі-тұман» деп ғылым, білім, оқудың маңызын көрсетеді.

«Мәңгілік елдің» шыңына жеткізер жас ұрпаққа білім мен тәрбие беру аса маңызды. Алайда, өркениеттілікке құлаш сермеген заманда тәлім-тәрбие беруде ұлттық дәстүріміз бен ұлттық сана сезімімізді, болмысымызды сақтап қалуда, адамгершілігі мол, сапалы әрі саналы ұрпақ тәрбиелеуде қазақтың ұлттық тәрбиесінің орны ерекше. Дана Абай: «Ақпейіл және ықыласты жүрек адамды жетелеуі тиісті, сонда ғана оның еңбегі және табыстылығы ерекше мәнге ие болады. Адам болып дүниеге келу жеңіл, бірақ адам болу қиын» деген болатын. Тәрбиенің маңыздылығы сондай, біздің болашақ ұрпағымыз тәрбиеден ғана рухани байлық алып, тәрбие арқылы ғана Адам болып қалыптасады.

Қорыта айтқанда, оқушылардың мектепте табысты оқуы ғана емес, өмірде де табысты, функционалды сауатты болуы білім беру ұйымдары мамандарының қабілетіне, оның құзыреттілігіне тікелей байланысты. Бұл болашақта ұлттың табысты болуының негізін қаламақ. «Мәңгілік Ел» идеясын іске асыру барша қазақстандықтарға, әсіресе, бүгінгі және келешек ұрпаққа үлкен сын, зор мәртебелі іс болмақ. Ал, ұлттың табысты болуы – рухани жаңғыру кепілі. Табысты болудың негізгі факторы – білім!

Әсем ИЛЬЯСОВА,
тарих пәнінің мұғалімі,
«Күреңбел қазақ орта мектебі» КММ

Рухани жаңғыру – білімді жастардың болашаққа бастар жарқын жолы

Рухани жаңғыру – адам баласының оның ішкі әлемінің жаңаруы, сана-сезімі, жаңа өзгерісті қабылдай білуі. Рухани жаңғыруды өркениеттің өрге жүзуімен байланыстырамыз. Тарих сахнасына көз жүгіртсек, өскен ұлттың өрби түсіне осы «Рухани жаңғыру» дәлел. Көне замандағы көркіті қалаларымыз, сан салтанатты таласқан озық есткертіштеріміз, мәдени мұраларымыз айғақ болып табылады. Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы Жолдауда қозғалған бағыттарды кеңінен тарқатып, мемлекеттік идеологияны анықтайтын, көпке түсінікті, рухани жаңғыртуға бағытталған құжат деп білемін. Мақаланы оқи отырып, оның әрбір сөйлемінде бүгініміз бен болашағы жарқын Қазақстанға апаратын нақты жоспар, мақсат көрсетілгендігін түсінемін.

Рухани жаңғыру мен жаңаруда білім берудің рөлі зор. Қазір білектінің емес, білімдінің салтанат құрған уақыты. Табысты болудың кілті – білімде. Саналы ұрпақ тәрбиелеп, білім беру - Елбасы саясатының басты және негізгі бағыттарының бірі. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап, мыңдаған жасты әлемнің мандайалды жоғары оқу орындарында білім алуға мүмкіндік беретін Болашақ бағдарламасының жүзеге асырылуы, елімізде жоғары деңгейде бірқатар университеттердің ашылуы, зияткерлік мектептер жүйесінің қалыптасуы білім беру саласындағы жетістіктің нақты көрсеткіші бола алады. Біз өзіміздің ұлттық ерекшеліктерімізді сақтай отырып, әлемде болып жатқан жаңалықтарымызды қабылдай білуіміз керек. Бірнеше тілді білген адам ештеңеден ұтылмайды. «Ел болам десең, бесігінді түзе» дейді ұлы Мұхтар Әуезов. Әрбір білімгер өз жері мен оның байлығының иесі болу үшін жаңа технологияларды меңгеріп, жаңаша өмір сүру жолдарын білуге тиіс. Елдің жарқын болашағы білімді жастардың қолында. Осы тұрғыда ұстаздарға қойылатын талап та жоғарылады. Бүгінгі ұстаз шәкіртіне ғылым негіздерінен мәлімет беріп қана қоймай, алған білімін шынайы өмірмен ұштастырып, оны дүниежүзілік білім, ақпарат, экономика кеңістігіне шығуға, яғни қатаң бәсеке жағдайында өмір сүруге тәрбиелеуі керек. Ол нағыз ұстаздың ғана қолынан келеді.

Ұлт жоспарын орындауда әр саланың өзіндік үлесі болса, ұстаздар қауымы қосатын үлес – жас ұрпақты жаңа қоғам мүшесі етіп білім мен тәрбие беруді жаңаша құру, оны осы Елбасымыз көрсетіп отырған талаптарға сай орындау деп білемін.

Камшат ЧИНАРБАЕВА,
аудандық Жастар кеңесінің төрайымы,
бастауыш сынып мұғалімі, спикер,
Д.Қонаев атындағы орта мектебі

Жеке және заңды тұлғаларды қабылдау кестесі

№	Азаматтарды жеке сұрақтары бойынша қабылдаушының аты-жөні	Лауазымы	Қабылдау күні	Қабылдау уақыты
1	Нүспеков Дәулет Мұратұлы	Жоламан ауылдық округінің әкімі	сейсенбі, бейсенбі	09:00-18:30 түскі үзіліс 13:00-14:30
2	Баядилов Асқар Оңғарұлы	Жайнақ батыр ауылдық округінің әкімі	сәрсенбі, бейсенбі	09:00-18:30
3	Қашқымбаев Марат Метербайұлы	Талдыбұлақ ауылдық округінің әкімі	сейсенбі, сәрсенбі, бейсенбі	10:00-16:00 түскі үзіліс 13:30-14:30
4	Бектемиров Бахытжан Абуталипұлы	Сарыбқлақ ауылдық округінің әкімі	сәрсенбі, бейсенбі	09:00-13:00 14:30-18:30

Жоба

Кербұлақ ауданы бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы

«Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабының 4-тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес, Кербұлақ ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Кербұлақ ауданы бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшері қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Кербұлақ ауданы әкімдігінің «Кербұлақ ауданы бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы» 2014 жылғы 06 тамызындағы № 272 қаулысының (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2014 жылдың 10 қыркүйегінде № 2848 тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Б.Момбаевқа жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі М.Бигелдиев

Кербұлақ аудан әкімінің 2019 жылғы «____» _____ «Кербұлақ ауданы бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы» №____ қаулысына келісім беті

Енгізуші:
Аудандық білім бөлімінің басшысы Б. Ақылбек
Келісілді:
Аудан әкімінің бірінші орынбасары С. Қожахметов
Аудан әкімінің орынбасары Б. Момбаев
Аудан әкімі аппаратының басшысы А. Туматаев
Аудандық экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімінің басшысының м.а Ғ. Донбаев
Аудан әкімі аппаратының құқық мәселелері жөніндегі бас маманы М. Алдашева
Таратылды:
Аудан әкімі аппаратының жалпы бөлімі басшысы М. Какенова

Кербұлақ ауданы әкімдігінің 2019 жылғы « » _____ «Кербұлақ ауданы бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы» №____ қаулысына қосымша

Кербұлақ ауданында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын,ата-ана төлемақысының мөлшері

№ р/с	Атауы	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының тәрбиеленушілер саны	Мектепке дейінгі ұйымдар ата-аналарының бір айдағы төлемақы мөлшері (теңге) 3 жасқа дейін	3-7 жасқа дейін
1	«Кербұлақ аудандық білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің « Ақтиін балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	145	10500	12000
2	«Кербұлақ аудандық білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Балдырған балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	215	10500	12000
3	«Кербұлақ аудандық білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Балдырған балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	320	10500	12000
4	«Кербұлақ аудандық білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Балбөбек балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	140	6000	6000
5	«Кербұлақ аудандық білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Қарлығаш балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	75	7500	8500
6	« Кербұлақ аудандық білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Балауса балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	110	-	7500
7	«Кербұлақ аудандық білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Бүлдіршін балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	75	-	7500
8	«Кербұлақ аудандық білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Сарыөзек орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	50	-	9200
9	«Кербұлақ аудандық білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Қаспан орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	25	-	6000
10	«Кербұлақ аудандық білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Байғазы орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	25		6000
11	«Кербұлақ аудандық білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Ақжар орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	25	-	6000
12	«Кербұлақ аудандық білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің « Ш. Уалиханов атындағы орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	25	-	7000
13	«Кербұлақ аудандық білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Ы.Алтынсарин атындағы орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	50	-	6000
14	«Кербұлақ аудандық білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Нұрым орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен» коммуналдық мемлекеттік мекемесі-	25	-	6000
15	«Кербұлақ аудандық білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Аралтөбе /Кербұлақ/ орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	25	-	6000
16	«Кербұлақ аудандық білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің « Әлмұханбетов атындағы орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	25	-	5000
17	«Кербұлақ аудандық білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Жаңалық орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	25	-	5000
18	«Кербұлақ аудандық білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің « Сарыбұлақ орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	50	-	6000
19	«Кербұлақ аудандық білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Алтынемел орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	25	-	6000
20	«Кербұлақ аудандық білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Ж. Тобаяқов атындағы орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	25	-	6000
21	«Кербұлақ аудандық білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «П.Дутов атындағы орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	25	-	6000
22	«Кербұлақ аудандық білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Беріктас орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	25	-	6000
23	«Кербұлақ аудандық білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Қосағаш орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	25	-	5000
24	«Кербұлақ аудандық білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Жоламан орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	25	-	7000
25	«Кербұлақ аудандық білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің « Аралтөбе /Гвардия/ негізгі мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	25	-	6000
26	«Кербұлақ аудандық білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Доланалы негізгі мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	25	-	6000
27	«Кербұлақ аудандық білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің « Ж.Жапаров атындағы орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	25	-	7000
28	«Кербұлақ аудандық білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Т.Құлыбеков атындағы орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	25	-	6000
29	«Кербұлақ аудандық білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Көксу орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	25	-	6000
30	«Кербұлақ аудандық білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Архарлы негізгі мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	-	-	-
31	«Кербұлақ аудандық білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Сарыбастау орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	-	-	-
32	«Кербұлақ аудандық білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Қоғалы орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	-	-	-
33	«Кербұлақ аудандық білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Майтөбе орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	25	-	6000

Ескертпе:
1.мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорындар ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда баланың жасына қарамастан тамақтануға кететін шығынның 100 пайызын құрайды;
2. мемлекеттік білім беру тапсырысы орналастырылғандарды қоспағанда, жекеменшік мектепке дейінгі ұйымдарда мектепке дейінгі ұйымның құрылтайшысы белгілейді.

Проект

Об утверждении государственного образовательного заказа на дошкольное воспитание и обучение, размер родительской платы по Кербулакскому району

В соответствии с подпунктом 8-1) пункта 4 статьи 6 Закона Республики Казахстан от 27 июля 2007 года «Об образовании», акимат Кербулакского района **ПОСТАНОВЛЯЕТ:**

1.Утвердить государственный образовательный заказ на дошкольное воспитание и обучение,размер родительской платы по Кербулакскому району согласно приложению.

2. Признать утратившим силу постановление акимата Кербулакского района «Об утверждении государственного образовательного заказа на дошкольное воспитание и обучение, размера подушевого финансирования и родительской платы по Кербулакскому району» от 06 августа 2014 года № 272 (зарегистрированного в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов от 10 сентября 2014 года № 2848).

3. Контроль за исполнением настоящего постановления возложить на заместителя акима района Б.Момбаеву.

4. Настоящее постановление вступает в силу со дня государственной регистрации в органах юстиции и вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования.

Аким района М. Бигельдиев

Лист согласования к постановлению акимата Кербулакского района № ___ от « ___ » _____ 2019 года «Об утверждении государственного образовательного заказа на дошкольное воспитание и обучение, размер родительской платы по Кербулакскому району»

Вносит предложение:
Руководитель районного отдела образования Б.Акылбек
Согласовано:
Первый заместитель акима района С. Кожахметов
Заместитель акима района Б. Момбаев
Руководитель аппарата акима района А.Туматаев
Руководитель районного отдела экономики и бюджетного планирования Г. Донбаев
Главный специалист по правовым вопросам аппарата акима района М.Алдашева
Разослано:
Руководителя общего отдела аппарата акима района М. Какенова

Приложение к постановлению акимата Кербулакского района от « ___» _____2019 года №____ «Об утверждении государственного образовательного заказа на дошкольное воспитание и обучение, размер родительской платы по Кербулакскому району»

Государственный образовательный заказ на дошкольное воспитание и обучение, размер родительской платы по Кербулакскому району

№ р/с	Наименование	Количество воспитанников организаций дошкольного воспитания и обучения	Размер родительской платы в дошкольных организациях образования в месяц (тенге) до 3-х лет	от 3-7 лет
1	Государственное коммунальное казенное предприятие «Детский сад Актиын» государственного учреждения «Отдел образования Кербулакского района»	145	10500	12000
2	Государственное коммунальное казенное предприятие «Детский сад Балдырган» государственного учреждения «Отдел образования Кербулакского района»	215	10500	12000
3	Государственное коммунальное казенное предприятие «Детский сад Ай-Сана» государственного учреждения «Отдел образования Кербулакского района»	320	10500	12000
4	Государственное коммунальное казенное предприятие «Детский сад Балбобек» государственного учреждения «Отдел образования Кербулакского района»	140	6000	6000
5	Государственное коммунальное казенное предприятие «Детский сад Карлыгаш» государственного учреждения «Отдел образования Кербулакского района»	75	7500	8500
6	Государственное коммунальное казенное предприятие «Детский сад Балауса» государственного учреждения «Отдел образования Кербулакского района»	110	-	7500
7	Государственное коммунальное казенное предприятие «Детский сад Булдиршин» государственного учреждения «Отдел образования Кербулакского района»	75	-	7500
8	Коммунальное государственное учреждение «Сарыозекская средняя школа с дошкольным мини-центром» государственного учреждения «Отдел образования Кербулакского района»	50	-	9200
9	Коммунальное государственное учреждение «Каспанская средняя школа с дошкольным мини-центром» государственного учреждения «Отдел образования Кербулакского района»	25	-	6000
10	Коммунальное государственное учреждение «Байгазинская средняя школа с дошкольным мини-центром» государственного учреждения «Отдел образования Кербулакского района»	25		6000
11	Коммунальное государственное учреждение «Акжарская средняя школа с дошкольным мини-центром» государственного учреждения «Отдел образования Кербулакского района»	25	-	6000
12	Коммунальное государственное учреждение « Средняя школа имени Ш.Валиханова с дошкольным мини-центром» государственного учреждения «Отдел образования Кербулакского района»	25	-	7000
13	Коммунальное государственное учреждение « Средняя школа имени Ы.Алтынсарина с дошкольным мини-центром» государственного учреждения «Отдел образования Кербулакского района»	50	-	6000
14	Коммунальное государственное учреждение «Нурумская средняя школа с дошкольным мини-центром» государственного учреждения «Отдел образования Кербулакского района»	25	-	6000
15	Коммунальное государственное учреждение «Аралтюбинская /Кербулак/ средняя школа с дошкольным мини-центром» государственного учреждения «Отдел образования Кербулакского района»	25	-	6000
16	Коммунальное государственное учреждение «Средняя школа имени Н.Альмуханбетова с дошкольным мини-центром» государственного учреждения «Отдел образования Кербулакского района»	25	-	5000
17	Коммунальное государственное учреждение «Жаналыкская средняя школа с дошкольным мини-центром» государственного учреждения «Отдел образования Кербулакского района»	25	-	5000
18	Коммунальное государственное учреждение «Сарыбулакская средняя школа с дошкольным мини-центром» государственного учреждения «Отдел образования Кербулакского района»	50	-	6000
19	Коммунальное государственное учреждение «Алтынемельская средняя школа с дошкольным мини-центром» государственного учреждения «Отдел образования Кербулакского района»	25	-	6000
20	Коммунальное государственное учреждение «Средняя школа имени Ж.Тобаякова с дошкольным мини-центром» государственного учреждения «Отдел образования Кербулакского района»	25	-	6000
21	Коммунальное государственное учреждение «Средняя школа имени П.Дутова с дошкольным мини-центром» государственного учреждения «Отдел образования Кербулакского района»	25	-	6000
22	Коммунальное государственное учреждение «Беликтасская средняя школа с дошкольным мини-центром» государственного учреждения «Отдел образования Кербулакского района»	25	-	6000
23	Коммунальное государственное учреждение «Косагашская средняя школа с дошкольным мини-центром» государственного учреждения «Отдел образования Кербулакского района»	25	-	5000
24	Коммунальное государственное учреждение «Жоламанская средняя школа с дошкольным мини-центром» государст-венного учреждения «Отдел образования Кербулакского района»-	25	-	7000
25	Коммунальное государственное учреждение «Аралтюбинская /Гвардия/ основная школа с дошкольным мини-центром» государственного учреждения «Отдел образования Кербулакского района»	25	-	6000
26	Коммунальное государственное учреждение «Доланалинская основная школа с дошкольным мини-центром» государственного учреждения «Отдел образования Кербулакского района»	25	-	6000
27	Коммунальное государственное учреждение «Средняя школа имени Ж.Жапарова с дошкольным мини-центром» государственного учреждения «Отдел образования Кербулакского района»	25	-	7000
28	Коммунальное государственное учреждение « Средняя школа имени Т.Кулыбекова с дошкольным мини-центром» государственного учреждения «Отдел образования Кербулакского района»	25	-	6000
29	Коммунальное государственное учреждение «Коксуская средняя школа с дошкольным мини-центром» государственного учреждения «Отдел образования Кербулакского района»	25	-	6000
30	Коммунальное государственное учреждение « Архарлинская основная школа с дошкольным мини-центром» государственного учреждения «Отдел образования Кербулакского района»	-	-	-
31	Коммунальное государственное учреждение « Сарыбастауская средняя школа с дошкольным мини-центром» государственного учреждения «Отдел образования Кербулакского района»	-	-	-
32	Коммунальное государственное учреждение «Когалинская средняя школа с дошкольным мини-центром» государственного учреждения «Отдел образования Кербулакского района»	-	-	-
33	Коммунальное государственное учреждение «Майтобинская средняя школа с дошкольным мини-центром» государственного учреждения «Отдел образования Кербулакского района»	25	-	6000

Примечание:
1. В государственных дошкольных организациях, созданных в организационно-правовой форме коммунальных государственных казенных предприятий, составляет 100 процентов затрат на питание независимо от возраста;
2.В частных дошкольных организациях устанавливается учредителем дошкольной организации, за исключением тех, в которых размещен государственный образовательный заказ.

Індет

Жемқорлыққа қарсы жиында

Әскери гарнизонның Офицерлер үйінде «Мемлекеттік қызмет саласында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекетті және әскери қызметшілердің жемқорлыққа қарсы күрес мәдениетін қалыптастыру» тақырыбында жиын өтті. Бұған әскери прокуратура, әскери полиция бөлімінің өкілдері, комиссия бөлімшесінің мүшелері, взвод командирі мен өзге де басшылар, материалдық жауапты тұлғалар, старшиналар, техника ротасының және қойманың басшылары қатысты.

Заңгер, әділет майоры Величко Александр Петрович жиынды ашық деп жариялап, қатысып отырған қонақтарды таныстырды. Алғашқы сөз кезегін әскери гарнизонның бастығы, полковник Дамаев Айдос Асарбекұлы алып: «Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясында: «Мемлекет пен қоғам сыбайлас жемқорлыққа бірігіп қарсы тұруы тиіс. Жемқорлық – бұл теңсіздік, бұзушылық қана емес, ол мемлекетке деген сенімнен айырады және халық қауіпсіздігіне қауіп төндіреді. Біз сыбайлас жемқорлықпен күресуді күшейтуіміз керек» делінген.

1998 жылы Қазақстанда «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заң қабылданды. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шеңберінде халықаралық ынтымақтастықты дамыту мәселелері

құжатта маңызды орын алады. Бұл бүкіл халықаралық қоғамдастық шарттарымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жасау қажеттілігінен туындаған өте дұрыс қадам. Сыбайлас жемқорлық елдің ұлттық мүдделеріне, экономикалық қауіпсіздігіне нақты қауіп төндіріп қана қоймай, сонымен қатар, бүкіл халықаралық қоғамдастықтың мүдделеріне қауіп төндіреді. Қазақстанда халықаралық стандарттарға сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес бойынша шаралар жүйесі іске асырылып келеді, ол еліміздің көптеген бағдарламалық құжаттарында негізге алынатын басымдықтар ретінде айқындалған. Осы жылдар ішінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама қалыптасты, бірқатар бағдарламалық құжаттар қабылданды, уәкілетті орган құрылды» дей келе, індетті жоюға біркісідей атсалысу керектігін тілге тиек етті.

Сонымен қатар, аудан әкімінің орынбасары Болысбай Тоғысбайұлы Момбаев, әскери прокурор, әділет полковнигі Сламбеков Айдар Қуанышбайұлы, әскери полиция бөлімінің басшысы, подполковник Марат Иманбаев сыбайлас жемқорлықтың салдарын түсіндіріп, жан-жақты сипаттап берді. Әскери басшылар әскери қызметкерлер арасында орын алған жағымсыз оқиғаларды айтып, мысалдар келтірді.

Жиынға қатысушылардың 80 пайызға жуығы жастар болғандықтан, күні кеше ғана Елбасының атап айтқан «Жастар жылының» салтанатты ашылуын тілге тиек еткен аудандық жастар ресурстық орталығының жетекшісі Алмас Асқарұлы Мыңбаев «Жемқорлық – қоғам дерті» атты баяндама жасап, сыбайлас жемқорлық төңірегінде бейнероликтер көрсетті.

Жүргізуші Александр Величко жиынға қатысқан әскерилерге ризашылығын білдіріп, жиынды қорытындылады.

А.ҚАСЕНОВА.

Электрондық қызмет көрсету бұрыштары

«Электрондық үкімет» порталынан мемлекеттік анықтама алу үшін, ғаламторда жүретін кез-келген электрондық қызметті пайдалану үшін – оған электронды сандық қолтаңба қажет. Егер Сізде қарапайым ғана электронды сандық қолтаңба (ЭСҚ) болса онда Сіз мемлекеттік қызметтердің біршама түрлерін интернет арқылы рәсімдеуге еркін қол жеткізе аласыз. Заман талабына сай көптеген құжаттарды рәсімдеуге үйден немесе жұмыс орнынан шықпай-ақ тапсырыстар беруге болады. Анықтамалар мен құжаттар алу үшін енді кезек күтіп, уақытты босқа өткізудің еш қажеті жоқ. Осы тұрғыдан алғанда Қазақстанның «Электрондық үкімет» порталының қоғамдық сұраныстар үрдісінен шығатын мүмкіндігі мол. «Электрондық үкімет» порталы тек ақпараттық ресурс қана емес, оның пайдаланушыларына мемлекеттік органдардың әртүрлі электрондық қызметтерін де ұсына алады. Бұл ретте электрондық сандық қолтаңба арқылы «Электрондық үкіметтің» www.egov.kz порталы бойынша кез- келген қазақстандық азамат қажетті мемлекеттік қызметін тегін әрі шапшаң ала алады.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Алматы облысы бойынша департаментінің бастамасымен egov.kz. Электронды үкімет порталы арқылы электронды қызмет алу үшін Кербұлақ ауданы Жоламан ауылдық округ әкімі аппараты ғимаратында «Электронды қызмет көрсету бұрыштары» іске қосылған. Өзіне-өзі қызмет көрсету бұрыштарының басты мақсаты – қызмет алушыларға барынша жағдай жасау, қызмет беруші мен қызмет алушы арасындағы бетпе-бет қарым-қатынасты болдырмау арқылы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою, халық арасында egov.kz. Электронды үкімет порталын танымал ету.

Егер сіздің үйіңізде дербес компьютеріңіз болмаса, ЭЦҚ-ңыз (электронды-цифрлық қолтаңба) болған жағдайда Халыққа қызмет көрсету орталығына бармай-ақ Жоламан ауылдық округі әкімі аппараты ғимараттарындағы «Электронды қызмет көрсету бұрыштары» арқылы электронды қызметтерді алуыңызға болады. Бұл жоба әсіресе шалғайдағы ауылдық елді мекендерде тұратын қызмет алушылар үшін өте қолайлы. Мысалы, ендігі жерде жылжымайтын мүлік саласы бойынша әртүрлі анықтамалар алу, мүлік және көлік салығы мен басқа да салық берешектерін өтеу, яғни, мемлекеттік қызметтерге деген қолжетімділік артып, оны тиімді пайдалану - қоғамның бәсекеге деген қабілеттілігі мен өңірлердегі «Электрондық үкіметке» деген сұраныстардың алдағы уақытта да арта түсуіне беріліп отырған кепілдік.

Н.АЛШЫНОВА,
Жоламан ауылдық округінің әкімі аппаратының жетекші маманы

Еліміздегі халыққа қызмет көрсету орталықтарының 46% трансформацияланады

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы 2019 жылы еліміздегі мемлекеттік қызмет көрсетіп жатқан 152 фронт-офис қызметін трансформацияламақ.

Бүгінде республика бойынша халыққа қызмет көрсетуші 326 фронт-офис бар. Азаматтардың электрондық қызметтерді пайдалану деңгейін арттыру мақсатында мемлекеттік корпорация 60/40 жаңа қағидатына сәйкес, фронт-офистерде кеңауқымды трансформациялауды бастады.

«60/40 қағидаты фронт-офистегі жұмыс аймағының 40% қызмет көрсететін операторларға тиесілі екенін, ал азаматтардың қызметтерді өз бетінше алу аймағы – Connection point пен қоғамдық қолжетімді пункттердің үлесі 60 % жететінін меңзейді. Осылайша, біз болашақта қызмет алушылардың осы принцип бойынша анықтамалар мен басқа да керекті құжаттарды өздігінен алуын қамтамасыз етпекпіз», – дейді «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының басқарма төрағасы Аблайхан Оспанов.

Аталған қағидат бойынша елімізде бүгінде 174 фронт-офис қызмет етеді. Нәтижесінде азаматтардың 2018 жылы өз бетінше алған қызметтерінің саны 2017 жылмен салыстырғанда 2 млн артып, 12 млн құрады. Бұл көрсеткіштің өсуіне электрондық үкімет порталында жұмыс істеу және электрондық қызметтерді пайдалану дағдыларына 8 млн астам азаматтың үйретілуі де әсер еткен.

Айта кетейік, «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы арқылы 2018 жылы 31,9 млн қызмет көрсетілді, оның 16 млн электрондық форматта.

Анықтама: «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы арқылы мемлекеттік қызметтер реестрінде қамтылған 741 қызметтің 598-і қолжетімді. Мемлекеттік қызметтердің көрсетілуін 326 фронт-офис, 6 секторы бар 16 мамандандырылған ХҚО (оның ішінде 4 сектор Алматыда және 2 сектор Түркістан облысында), 70 мобильдік ХҚО және Қазпоштаның 1656 бөлімшесі қамтамасыз етеді.

● ● ● ● ● ● ●

Биометрия жобасы шеңберінде 1,5 мың адам өз деректерін қалдырды

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы 2018 жылғы 12 желтоқсанда биометрия жобасын іске қосты. Бір ай ішінде деректер базасына тіркеліп, мәліметтерін қалдырған азаматтардың саны 1473-ке жетті.

Үкімет үйінде өткен брифинг барысында «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының басқарма төрағасы Аблайхан Оспанов: «Бүгінде «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы белсенді жүргізілуде. Бұл ретте, біз мемлекеттік қызметтерді алу процесін жеңілдету үшін қызмет алушылардың жеке басын растаудың жаңа механизмін іске қостық. Биометрия – жеке мәліметтердің ақпараттық қауіпсіздігін күшейтуге көмектесетін құрал», – деп атап өтті.

Биометрия жобасы шеңберінде мемлекеттік қызметтерді көрсету барысында азаматтардың жеке басын куәландыратын құжаты не электрондық цифрлық қолтаңбасы қажет емес. Бұл үшін бет-бейне скан көшірмесі немесе саусақ іздерінің болуы жеткілікті. Бұл деректерді азаматтар Астана қаласының 3 және Алматы қаласының 1 халыққа қызмет көрсету орталығында қалдырып, мәліметтер базасына енгізе алады.

Мемлекеттік корпорацияның басқарма төрағасы Абылайхан Оспановтың айтуынша, биометрия өз бетінше алынатын қызметтер санының артуына, қызметтерді алу кезінде бөгде азаматтардың қатысуын болдырмауды қамтамасыз етеді.

Биометрия жобасының шеңберінде азаматтарға 52 мемлекеттік қызметтің көрсетілуі қарастырылуда. Олардың екеуі – мекенжай және жылжымайтын мүліктің болу/болмауы жөніндегі анықтамалар қазірдің өзінде қолжетімді.

Айта кетейік, биометрия базасы қаржы, коммерциялық қызмет көрсету және қауіпсіздік салаларында, сондай-ақ ғимаратқа кіру жүйесінде пайдаланылуы мүмкін. Шетелдік тәжірибеде биометрия әдісін Ұлыбритания, Үндістан, Нидерланд королдігі ұтымды пайдалануда.

Бір ай бұрын Астана және Алматы қалаларында енгізілген биометрия пилоттық жобасы биыл қыркүйек айына дейін барлық облыстарда іске қосылады деп жоспарланған.

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ баспасөз қызметі
8-7172-95-51-54 (ішкі 109)
pressa_nao@goscorp.kz

Ұнды фортификациялаудың адам ағзасына қажеттілігі

Көктемге қарай көп адамдарда анемия байқалатыны белгілі. Ол адамның тұтынатын ас мәзіріне де байланысты. Осы орайда әсіресе ұнды қажетті заттармен байытудың ролі зор. Оны фортификация деп атайды.

Фортификация – ұн тарту кезінде оған аз мөлшерде дәрумендер мен минералдарды (премикс деп аталатын витаминді-минералды кешен) қосу процесі. Ол ұнның сапасы мен қоректілік құндылығын арттырады. Ұнды тартуда жойылғ¬ан дәрумендер мен минералдар фортификациялау кезінде оған қайтады.

Темір тапшылығы анемиясы ауруының алдын-алуда жоғарғы және бірінші сұрыптағы фортификацияланған бидай ұнын пайдалану өте маңызды. Байытылған өнімді тануға «healthy food» (сапалы азық) логотип белгісі көмектеседі.

Адам денсаулығына қаупі бар мәселелердің бірден-бірі – темір мен фолий қышқылы сияқты дәрумендер мен минералдардың жетіс¬пеушілігі салдарынан болатын теміртапшылығы анемиясы. Оған ұшырағанда ағза тіндеріне оттегі жетіспейді, темірдің жетіспеушілігінен кейбір ферменттердің белсенділігі бұзылады. Әйелдерде жүктілік пен босану кезіндегі өмірге қатер төнетін кездер бар. Олар аз салмақтағы балаларды жиірек босанады. Анемия кезінде шала тууға, күтпеген түсік пен өлі тууға, нәрестенің дамуындағы туа біткен ақаулыққа әкелу қауіп-қатері жоғары деңгейде кездеседі. Жас балалардың дене бітімі (психоморлық) дамуындағы жетілмеуі және әлсіреген иммунитет, індет пен зиянды экологиялық факторларға қарсылығы нашарлайды. Анемия кесірінен жүрек-тамыр, иммундық, эндокриндік, жүйке және басқа жүйелердің функциялары бұзылады. Дене күші мен төзімділік азаяды, соның салдарынан жұмыс істеу қабілеттілігі төмендейді.

Темір тапшылығы анемиясы кезінде тері жамылғысы мен шырышты қабықтардың бозаруы, тәбеттің болмауы, қалыптан тыс әуестенушіліктің туындауы (еттен бас тарту, бор, әк, топырақ, саз жеуді қалау), ашу иістерге (керосин, бензин, ацетон) құмарлық байқалады. Шаш сынғыш, күңгірт, талшық тәріздес болады, түседі. Тырнақ сынғыш, жайпақ, ортасында латералды және соңғы жақтары көмкерілген, қасық пішінді болады.

Қысқасы, темір тапшылығы анемиясының алдын-алып, өз денсаулығыңызды қорғау үшін фортификацияланған жоғарғы және бірінші сұрыпты бидай ұнын пайдаланыңыздар демекпіз.

Г.БОЛАТОВ,
аудандық ҚДСБ бас маманы

● Денсаулық

Тамақтан улану және жіті ішек жұқпаларын алдын-алу іс-шаралары

Жіті ішек жұқпалары аурушандығының деңгейі жаз мезгілінде күрт көтеріледі. Инфицерленген су мен сапасыз азық-түліктпен және кір қол арқылы тұрмыстық-қатынас жолы арқылы, ауыз қуысы арқылы сыртқы ортадан ауызға түсетін қоздырғыштардың сыртқы ортада сақталынуына қолайлы жағдай тек жаз мезгілі ғана.

Жіті ішек жұқпалары – асқазан ішек жолдарын түрлі микроағзалармен зақымдайтын (сальмонелл, иерсиний, шигелл, кампилобактерии, рота және норовирус) жіті ішек жұқпаларының бірнеше топтары. ЖІЖ үлес салмағының басым бөлігін токсикоинфекциялары құрайды.

Тағам дайындау барысында жеке гигиеналық талаптардың сақталынбауы, азық-түліктерді дұрыс сақталынбауы, тағам дайындау технологиясын бұзу – тамақтан улану және ЖІЖ себептері. Сонымен қатар жіті ішек жұқпаларын жұқтыру факторларының бірі - бей-берекет сауда орындарында сатылатын азық-түліктер, кірленген көкөністер, жидек және жемістер арқылы.

«Кербұлақ аудандық қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы» Жіті ішек жұқпаларын алдын-алу үшін қарапайым ережелерді сақтауды сіздерге ұсынады:

• бей-берекет сауда орындарыннан азық-түліктерді сатып алмау;

• бөтелкедегі немесе сапасы кепілдендірілген суды, қайнатылған суды ауыз су ретінде пайдалану қажет;

• шикі азық-түліктермен дайын тағамдарды жеке сақтау қажет, әсіресе тез бұзылатын тағамдарды, сондай-ақ үй жағдайында ыстық және суық тағам түрлерін дайындау барысында жеке гигиеналық ережелерді сақталынуын қадағалау қажет;

• өткен күннен қалған ас қалдықтарын жаңадан дайындалған аспен араластырмаған жөн, дайындалған ас келесі күнге қалған жағдайда жеу алдында қайнату немесе қуыру қажет;

• сақтау мерзімі аяқталған азық – түліктпен шырындарды пайдаланбау;

• азық-түліктің немесе шырынның сапасына күмән келтірсеңіз пайдаланбау;

• азық-түлікті және шырынды сатып алу кезінде сақтау мерзіміне назар аудару;

• азық-түлікті қорабында көрсетілген уақытқа дейін сақтау. Кез келген азық-түлікті сауда желісінде сатып алу барысында оның қауіпсіздігін және сапасын растайтын құжаттарды тұтынушы сатушыдан сұрауға құқығы бар;

• Тамақты әзірлеу алдында және оны жеу алдында қолдарды міндетті түрде сабынмен жуу;

• Крем қосылған торттарды тоңазытқышта сақтау қажет және де олардың тез бұзылатын азық-түлік екендігін ескеру.

Сіздер, осы талаптарды сақтау арқылы өздеріңізді жіті ішек жұқпаларын жұқтырмауға көмек бере аласыз. Аурушандықтың белгілері пайда болған жағдайда міндетті түрде дәрігердің көмегіне жүгіну қажет!

Р.СОЛТАНБЕКОВА,
аудандық ҚДСБ бас маманы

Современные методы ускоренной диагностики туберкулеза

С эпидемиологической точки зрения туберкулеза является управляемой инфекцией, так как в случае своевременного выявления и лечения больного человека, возможно прекращение инфекции и оздоровление окружающей среды. Следовательно наиболее важным инструментом в улучшении эпидемиологической ситуации по туберкулезу является качественная бактериологическая диагностика заболевания. Эффективное применение различных бактериологических методов гарантирует:

- во-первых, своевременное выявление и изоляцию бактериовыделителей;
- во-вторых, назначение правильного режима химиотерапии больным с лекарственно-устойчивыми формами заболевания;
- в-третьих проведение соответствущих – противоэпидемических мероприятий в очагах инфекции.

За счет внедрения различных методов исследования лекарственной чувствительности микобактерий туберкулеза проводим как фенотипическую, так и генотипические идентификации МТБ.

Фенотипические методы исследования лекарственной чувствительности, проводятся как прямым, так и непрямым способом на жидких и плотных питательных средах, методом пропорций.

Генотипические методы, основанные на выявлении мутаций в генах МБТ, ассоциированных с лекарственной устойчивостью.

Основой постановки диагноза туберкулеза обнаружение в клиническом материале кислотоустойчивых микобактерий туберкулезного комплекса.

Однако чувствительность микроскопического исследования мокроты может составлять всего -40-50%, а наиболее информативным методом обнаружения МБТ являются культуральные исследования.

Левенштейна-Йенсена

До настоящего времени единственной средой для обнаружения микобактерий туберкулеза была плотная яичная среда Л-Йенсена на которой выделение клинических образцов составляло в среднем 2-3 месяца. И хотя посев на эту среду был признан во всем мире «золотым стандартом», у этого метода довольно много недостатков оказывающих влияние на получение результата.

Методика обработки

К исследуемому материалу в контейнере добавляем 4% щелочь закроем крышку флакона и встряхиваем, оставляем на 15 минут центрифугируем, удаляем надосадочную жидкость производим посев на среду Левенштейна-Йенсена.

Помимо длительности получения результатов и довольно высоких затрат, а в век индустриального птицеводства оказалось невозможным стандартизировать методология приготовления яичных сред.

Самое главное припятствие разница в качестве яиц, полученных от кур с неодинаковым характером питания и содержания, отразившемся на качестве и размере желтка, а следовательно и на ростовых качествах МБТ.

В основе предполагаемых экспресс методов является аппарат Бактек Миджит 960 по сравнению с плотной средой, принцип работы создание специальной жидкой среды на основе питательного бульона Мидлбрук с обогатительной добавкой суплимент для усиленного роста МБТ, раствора антибиотиков для предотвращения контаминации. И сокращение сроков получения рота культура на жидких питательных средах от 5 до 14 дней

Критерии направления больных с использованием прибора Бактек:

-В первые выявленные больные до начала лечения

- больные с распространенным процессом.
- больные с рецидивами до начала лечения
- для контроля химиотерапии (при необходимости)

Метод Хайн тест применяется для быстрого диагностирования туберкулеза и определения устойчивости к препаратам первого и второго рядов, на мультиплексной ПРЦ в комбинации обратной гибридизацией с мембранными полосками, идентификация комплекса М туберкулеза и его резистентность к рифампицину и изониазиду в мокроте с положительным мазком.

Применяется для быстрого диагностирования туберкулеза в клинических материалах, а также для определения устойчивости к препаратам и первого и второго ряда путем определения мутаций в геноме микобактерий. Включает в себя три стадии:

-Экстракцию ДНК
- амплификацию и
- гибридизацию

И все это проводится в течении –х суток.

Джин эксперт

Автоматизированый молекулярно-генетические метод, позволяет установить туберкулез и МЛУ ТБ, за 2 часа, обладает высокой чувствительностью и существенно снижает сроки получения результатов диагностики ТБ и МЛУ, что обеспечивает своевременность эффективность лечения и инфекционный контроль.

- Автоматизирует обработку образцов, амплификацию ДНК и мультиплексную детекцию на основе ПЦР
- Работать с любыми образцами мокротой, мочой, СМЖ и плевральной жидкостью.
- Одновремнно осуществлять скрининг на М. Туберкулеза и резистентность к рифампицину на95%
- Для работы используются одноразовые картриджи, содержащие все необходимые реагенты для проведения ПРЦ
- Закрытая крышка катриджа исключает контаминацию образцов, поэтому не требуется специальный бокс биологической безопасности
- Результаты теста выдаются через 2 часа и предоставляются в графическом, табличном и цифровом форматах
- Результаты каждого модуля отражаются в реальном времени.
- Информация о времени, оставшимся до получения результата 6 выводится на экран.

М.Ч.КУСЕМИСОВА,
Заведующий Клинико бактериологической лабораторией КГКП «Областной противотуберкулезный диспансер»

“Іскерлік байланыс” құралын және “Аға сеньорлар” құрамдаушыны іске асыру туралы хабарландыру

“Бизнестің жол картасы-2020” бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы аясында, Алматы облысы Кәсіпкерлер палатасы Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталықтары және аудандық кәсіпкерлік қолдау көрсету орталықтары арқылы “Іскерлік байланыстар” құрамы және “Аға сеньорлар” құрамдаушыға қатысуға кәсіпкерлерден өтініштерді қабылдау туралы хабарлайды.

“Іскерлік басланыстар” құрамы "Іскерлік байланыстар" құралы Бағдарлама шеңберінде өз қызметін экономиканың басым секторларында жүзеге асыратын шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне ХШҰ-ның қолдауымен шетелдік әріптестермен іскерлік байланыстар орнату есебінен қолдау көрсетуге бағытталған.

"Іскерлік байланыстар" құралы екі кезеңнен тұрады.

Бірінші кезең Қазақстан аумағында жүзеге асырылады. Бұл кезеңде кәсіпкерлікті жүргізудің қазіргі заманғы әдістерін, маркетингті, бизнес-әріптестермен іскерлік байланыс орнатуды және басқаларды оқытуға бағытталған бизнес-тренингтер ұйымдастыру жолымен Бағдарлама шеңберінде өз қызметін экономиканың басым секторларында жүзеге асыратын шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің жоғары және орта буын басшыларының біліктілігін арттыру жүргізіледі. Оқыту процесінде құралға қатысушылар шетелдік және отандық бизнес-жаттықтырушылардың жетекшілігімен өз кәсіпорнының бизнес-жоспарларын әзірлейді

Екінші кезең құралға қатысушылар үшін шет елдерде тегін тақырыптық бизнес-тағылымдаманы көздейді, және шетелдік әріптестермен іскерлік байланыстарды орнатуға.

“Іскерлік байланыстар” құрамына қатысу шарттары:

Қатысушының лауазымы мекеменің жоғарғы немесе орталық сілтеменің басшы орынбасарынан төмен болмауы тиіс.

“Аға сеньорлар” құрамдаушысы басқарудың жаңа әдістерін, өндіріс технологияларын, жабдықтарды енгізу және персоналды оқыту мәселелері бойынша біліктілігі жоғары шетелдік мамандарды тартуға бағытталған.

"Басқарудың жаңа әдістерін, өндіріс технологияларын, жабдықтарды енгізу және персоналды (аға сеньорларды) оқыту мәселелері бойынша біліктілігі жоғары шетелдік мамандарды тарту" құрамдауышын іске асырудың шарттары:

1) Бағдарлама шеңберінде экономиканың басым секторларында қызметін жүзеге асыратын шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері құрамдауыштың қатысушылары бола алады;

2) құрамдауыш бойынша шетелдік сарапшыларды тарту бойынша шығыстарды өтеу республикалық бюджет қаражатының есебінен жүзеге асырылады;

3) шетелдік сарапшылардың ұшуы және көрсетілетін қызметтері бойынша шығыстарды төлеу республикалық бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады;

4) шетелдік сарапшылардың көліктік және тәуліктік шығыстары, сондай-ақ олардың Қазақстан аумағында тұруы шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің меншікті қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Барлық сұрақтар бойынша келесі мекен-жайға жүгінуге болады:

Алматы облысының кәсіпкерлер палатасы, Талдықорған қаласы, 8 шағын ауданы, Керме павильоныныңғимаратында, 8 (7282) 401-477;

Аудандық кәсіпкерлерге қолдау көрсету ораталығы, Кербұлақ аудандық кәсіпкерлер палатасы Сарыөзек ауылы Маметов көшесі 6 үй телефон 87284079101.

Объявление о реализации проекта «Деловые связи» и компонента «Старшие сеньоры»

В рамках Государственной программы поддержки и развития бизнеса «Дорожная карта бизнеса—2020», Палата предпринимателей Алматинской области (далее - РПП) уведомляет о начале приема документов в Центре обслуживания предпринимателей и районных Центрах поддержки предпринимателей области по инструменту «Деловые связи» и компоненту «Старшие сеньоры».

Инструмент «Деловые связи» направлен на оказание поддержки субъектам малого и среднего предпринимательства, осуществляющим свою деятельность в приоритетных секторах экономики в рамках Программы, за счет установления деловых связей с иностранными партнерами при поддержке международных и зарубежных организаций.

Проект состоит из двух этапов.

На первом этапе обучение осуществляется внутри страны. Участники пройдут бизнес-тренинги, в ходе которых получат навыки и знания, необходимые для разработки бизнес-плана развития их предприятия под руководством иностранных и отечественных бизнес-тренеров.

Второй этап предусматривает для участников Проекта бесплатную тематическую бизнес-стажировку за рубежом, в том числе для установления деловых связей с иностранными партнерами.

Требования для участия в проекте «Деловые связи»:

Должность участника должна быть не ниже заместителя руководителя (руководители высшего и среднего звена предприятия).

Компонент «Старшие сеньоры» направлен на привлечение высококвалифицированных иностранных специалистов с успешным опытом работы для консультирования участников компонента непосредственно на предприятиях по вопросам внедрения новых методов управления, технологий производства, оборудования и обучения персонала.

Условия реализации компонента «Привлечение высококвалифицированных иностранных специалистов по вопросам внедрения новых методов управления, технологий производства, оборудования и обучения персонала (старшие сеньоры)»:

1) участниками компонента могут быть субъекты малого и среднего предпринимательства, осуществляющие деятельность в приоритетных секторах экономики в рамках Программы;

2) оплата расходов по привлечению иностранных экспертов по компоненту осуществляется за счет средств республиканского бюджета;

3) оплата расходов по перелету и услуг иностранных экспертов осуществляется за счет средств республиканского бюджета;

4) транспортные и суточные расходы иностранных экспертов, а также их проживание на территории Казахстана осуществляются за счет собственных средств субъектов малого и среднего предпринимательства.

По всем имеющимся вопросам предпринимателиі могут обращаться в Палату предпринимателей Алматинской области по адресу: г.Талдыкорган, мкр. № 8, здание Выставочного павильона, контактный телефон: 8 (7282) 401-477.

Центр поддержки предпринимателей Кербулаского района по адресу: Маметова 6 здание Каз.почты 3 этаж, тел.:87284079101

Тәуелсіз елдің білімді ұрпақтары

Әділқазылардың марапаттау сәті

Жастар – бұл мемлекеттің негізгі тірегі бола отырып, болашақта ел басқаратын ұрпақөкілдері. Сондықтан тәуелсіз еліміздің келешегін белсенді жастар ғана көркейте алады. Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев өз Жолдауында «Мен сіздерге, бүгінгі жастар, ерекше ұрпақ екендеріңізді қайталаудан жалықпаймын. Сіздер тәуелсіз Қазақстанда өмірге келдіңіздер және сонда ержетіп келесіздер. Сіздердің жастық шақтарыңыздың уақыты- біздің еліміздің көтерілу және гүлдену уақыты. Сіздер осы жетістіктер рухын және табысқа деген ұмтылушылықты бойларыңызға сіңірдіңіздер» деген сөзінің астарында үлкен құндылық жатыр.

Жастарымыз осы үлкен жауапкершілікті айқын түсінсін, ел үшін, жер үшін күш-жігерлерін аямасын деген мақсатпен Елбасымыз осы жылды «Жастар жылы» деп жариялады. Бұл жастарға жасап отырған Елбасының қамқорлығы мен мемлекеттік саясаттың басым бағытын көрсетеді. Осы орайда жақында Сарыөзек ауылдық округі әкімі аппаратының жастар ісі жөніндегі әдіскер-нұсқаушысы Әсемгүл Омарованың ұйымдастыруымен аудан орталығындағы мектептер арасында «Тәуелсіз елдің білімді ұрпақтары» атты интеллектуалдық сайыс өтті.

Елбасының «Ұлы даланың жеті қыры» атты тарихи мақаласы аясында ұлттық мұраларымызды, мәдениетімізді терең тануға, оқушылардың тарихқа деген қызығушылығын арттыру, дүниетанымын кеңейту, еркін сөйлеуге, өздігінен және топпен жұмыс жасата отырып, бәсекеге қабілетті білімді азамат етіп қалыптастыру мақсатында өткен бұл сайысқа Сарыөзек ауылдық округі әкімінің орынбасары Төлегенова Ләйлә Жауынбайқызы аудандық жастар ресурстық орталығының жетекшісі Мыңбаев Алмас Асқарұлы, Күреңбел қазақ орта мектебінің, №49 орта мектебінің, Сарыөзек орта мектебінің 10 сынып оқушылары және аудандық БАҚ өкілдері қатысты.

Сайыс 4 кезеңнен тұрды. Олар:. «Тарих әлемі», «Сандар сыры», «Арнайы сұрақ» және «Эрудит» деп аталады.

Бірінші орын иегерлері «Тұлпар» тобы

Сарыөзек орта мектебі «Алаш ұлы», Күреңбел қазақ орта мектебі «Ұлы дала баласы», №49 орта мектебі «Тұлпар» тобының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру», «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақалалары бойынша қосымша сұрақтарға жауап берді. Сайысқа қатысушылардың барлығы да жанжақты дайындықпен келгендерін көрсетті. Алайда, сайыстың аты сайыс. «Жүйріктен жүйрік озар жарысқанда» демекші, қатарластарынан оқ бойы оза шапқан №49 орта мектебінің «Тұлпар» тобы жүлделі I орынды, Сарыөзек орта мектебінің «Алаш ұлы» тобы II орынды, Күреңбел қазақ орта мектебінің «Ұлы дала баласы» тобы III орынды иеленді.

Сайысқа қатысушылар

Сайысты аудандық жастар ресурстық орталығының жетекшісі Алмас Мыңбаев қорытындылап, жүлдегерлерді Алғыс хатпен және естелік сыйлықтармен марапаттады.

Қазіргі жаһандану заманда жастарымыздың қоғамда белсенді тұлға ретінде қалыптасуы үшін ең әуелі білім мен ғылымның тізгінін тең ұстап, жақсы маман болып шығуы басты шарт, өйткені, бүгінгі жас өрен білім мен ғылым жолында талаптанып, ертеңгі мемлекетті өркендететін тұлға.

Сондықтанда мұндай интеллектуалдық сайыстар әлі де жалғасын табатыны сөзсіз.

Дина АМАНҚЫЗЫ

Мектеп өмірінен

Дефектологиялық қызмет - заман талабы

Таяуда аудандық білімді дамыту оқу-әдістемелік орталығының жоспарына сәйкес Қоянкөз ауылы, Т.Құлыбеков атындағы орта мектепте «Дефектологиялық қызмет – заман талабы» тақырыбында аудандық семинар өтті.

Семинардың мақсаты - қазіргі білім беру жүйесінде арнайы мамандардың барлық бағыттары бойынша жұмыстарын ұйымдастыру, арнайы мамандардың жұмысында кездесетін мәселелерді шешу, кәсіби қызметін дамыту. Аудандық семинарға 50-ден астам арнайы мамандар келді. Семинарға аудандық психологиялық-педагогикалық коррекциялық кабинеттің басшысы Нұрышева Күлшара Ақылбайқызы қатысты. Т.Құлыбеков атындағы орта мектептің дефектологі Қ.Уйсинбаева «Дефектологиялық қызметтің негізгі құжаттарының жүйелілігі» тақырыбында презентация көрсетсе, Д.Қонаев атындағы орта мектептің дефектологі Г.Акылбекова «Дамуында әртүрлі кемшілігі бар балалардың тұлғааралық қарым-қатынас ерекшеліктері» тақырыбында шебер-сынып көрсетті. Райымбек батыр атындағы орта мектептің әлеуметтік педагогі А.Алиева «Әлеуметтік педагогтің қызметін ұйымдастыру» тақырыбында семинар-практикум жүргізді. Психологиялық-педагогикалық коррекциялық кабинеттің басшысы К.Нұрышева арнайы мамандардың толғандырып жүрген сұрақтарына жауап берді. Сонымен қатар, Т.Құлыбеков атындағы орта мектептің психологі семинарға қатысушылар арасында психологиялық ахуал туғызу мақсатында «Қарым-қатынас» тренингін жүргізіп, қатысушылардың көңіл-күйін жақсартты. Ауданның арнайы мамандары алда талай биік асулар бар екеніне, ол үшін көп ізденіп, еңбектену керектігін, бұл үлкен істің бастамасы ғана екенін түсінді. Семинар соңы сұрақ-жауапқа ұласып, келешектегі жұмыс істеу барысы шешіммен қорытындыланып, үздік шебер-сынып көрсеткен мамандар аудандық білім бөлімінің Мақтау қағазымен марапатталды.

А.АУЛЬБЕКОВА,
аудандық білімді дамыту оқу-әдістемелік орталығының әдіскері

Көңілді қыс

«Денсаулық – әлеуметтік байлықтың негізі», «Бірінші байлық - денсаулық» дегендей, денсаулықтан артық байлық жоқ. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың халқына Жолдауында 2030 жылға дейін денсаулықтың қажеттілігі атап көрсетілгені мәлім. Салауатты өмір салтын ұстану мектеп бағдарламасына да енгізілген.

Осы бағдарламаны ұстана отырып, Сайлыкөл шағын жинақталған бастауыш мектебінде денсаулық күні аталып өтті. «Шынықсаң - шымыр боласың» атты тақырыпта спорттық ойын-сауық күні ұйымдастырылды. Мақсаты - мектеп жасындағы балаларды салауатты өмір сүруге қызығушылығын арттыру. Спортпен айналысудағы әртүрлі дене шынықтыру жаттығуларының әдістерін үйрену, оларды қолдану.

Салыстыру арқылы балалардың ой-өрісін дамыту мақсатында, жас ұрпақтың бойына тазалық пен сергектікті орнықтыру - біздің міндетіміз деп білеміз. Салауатты өмір салтын насихаттап, белсенділік танытып, бастауыш сынып оқушылары екі топқа бөлініп, спорттық жарысқа белсене қатысты. Топтық жарыс үш кезеңнен ұйымдастырылды.

I. Эстафеталық ойын: «Қояндар»
II. «Кім жылдам?»
III. «Аққала құрастыру»

Осы кезендер бойынша «Жүйріктер» тобы мен «Ептілер» тобы сайысқа түсіп, бақ сынасты. Мықтылар марапатталып, көңілдері үстем болды.

Жанна АУГАНБАЕВА,
бастауыш сынып мұғалімі,
Сайлыкөл шағын жинақталған бастауыш мектебі

Сағыныш

Асыл әжем

Сағыныш - жанымызды көп баурайтын сезімдердің бірі. Сағыныштың түрлері көп қой - балалық кезге сағыныш, алыстағы туғандарға сағыныш, өмірден өткен адамдарға сағыныш. Қайсысы болмасын, адамның жадында тұратын елестер мен ойлар. Аяулы да, асыл әжеміз - Зияда Әуелбайқызын қайтпас сапарға шығарып салғанымызға он екі жылдың жүзі болыпты. Әлі де еркелетіп, құшақтап, мейірлене елжіреп, алдымнан шыға келетін секілді.

Алла Тағаланы еске алған сайын әжем де есіме түседі. Өйткені, Тәңірдің маған берген тағдырының парақтарында алтынмен жазылған ардақты есім - әжемдікі. Егерде дәл бүгінгі хәлім үшін Алладан соң біреуге алғыс айтар болсам, біріншіден осы өмірге әкелген анама алғыс айтамын. Әр адамның әдептілігі мен жан-дүниесінің сұлулығы ең алдымен балаға ақ сүтін беріп, әлпештеп өсірген ана жүрегінің жылуынан басталады

емес пе? Екіншіден мені кішкентайымнан өсірген әжеме алғысым шексіз. Титтеймінен әжемнің етегіне оралғам. Сол етекті ұстап, бой жеттім. Былдыр-былдыр сөйлеп, тәй-тәй басқаннан, хат танығанша қойынынан шықпадым. Есейгенімше жанынан қалмадым.

Мен балалық шағымды әжем мен нағашыларым тұратын Доланалы ауылында өткіздім. Ол жерде әжем өте сыйлы кісі болды. Ауылдағы үйлерге қонаққа барса да, алыстағы туыстарға барса да, мені қалдырмай, алып баратын. Үнемі маған өзінің жастық шағының әңгімесін айтып беретін. Мен қызығушылықпен тыңдайтынмын. Үнемі адалдыққа, мейірімділік пен бауырмалдыққа шақыратын. Әрдайым маған ақылын айтып отыратын.

Әңгімесінің арасында әжем: «Кім мәңгілік дейсің, қарағым, біз де бір күні кетерміз» десе, жүрегім дір ете қалатын. Сол сөзіне ашуланып қалатынмын. Ал, қазір ойлап отырсам, сол әжеме бір орамал сыйлап та үлгермеппін…

Неге біз барлығынан кеш қала береміз? Мәңгілік өмір сүретіндей жүреміз... Тағдырға артар өкпе бар ма? Өкінішке орай, өмірдің заңына қарсы шыға алмайды екенбіз.

Қолдан келер шара жоқ. Тек жүрегін толы сағынышпен қалады екенсің. Андасанда әжем түсіме кіргенде, суретін сүйіп, көкіректі кернеген сағынышымды басам.

Әжеме мен: «Кейін қызым болса, сіздің есіміңізді қоямын» деуші едім. Сол уәдемде тұрып, қызымның есімін әжемнің құрметіне «Зияда» деп атадым.

Әрдайым қызымның есімін сондай мақтанышпен атаймын. Себебі, менің әжемнің есімінің өзі - мен үшін Тәңірден кейін алтынмен жазылатын есімдердің бірі. Себебі, мен әжемді бұл дүниедегі ең көңілі пәк, адал, мейірімі шексіз, ақылды, сыйлы жандардың бірі болған деп есептеймін. Өмірімде ізі, жүрегімде сөзі, құлағымда үні қалған қайран әжемді есіме алып, дұға жасап қоямын.

Ана - әлемдегі ардақты да аяулы жан. «Жұмақ - ананың табанының астында» дейді ғой. Оның разылығын алмай, жақсы өмір кештім деудің өзі бекершілік болар. Аналарымызды қолымыздан келгенше сыйлап өтейік. Ақ жаулықты аналарымыз аман, жастары ұзақ болсын дегім келеді

.

Жұлдызай ШАМАМБЕКОВА,
«Ай-сана» бөбекжай балабақшасы

Құттықтаймыз

Сарыөзек ауылының тұрғыны **Нұрқасымов Самат Қайратұлын** 30 жас мерейтойымен және **Айдана Бейсенбекқызымен** отау құрғандарына 7 жыл толған қуанышымен құттықтаймыз. Деніне саулық, отбасына амандық пен бірлік тілей отырып:

Қиясына өмірдің өрлеп келдің,
Отбасы үшін ерінбей еңбектендің.
Ұл мен қызға ақылшы әке болып,
Ордасына отыздың сергек келдің.

Тек жақсылық көріндер бұл өмірде,
Еш көлеңке түспесін көңілдерге.
Алла берген нәсіпті еншіліндер,
Мол бақыттың шығыңдар ең төріне,
-деген тілегімізді жолдаймыз.

Құттықтаушылар: аудандық «Кербұлақ жұлдызы» газетінің ұжымы.

● Кездесу

ОН КҮНДІК АЯСЫНДА

Әскери қызметтен жалтару, әскери қызметке себепсіз шықпай қою және әскери бөлімді өз еркімен тастап кету әрекеттерінің алдын алу бойынша жуырда Сарыөзек гарнизонында орналасқан әскери бөлімдердің жеке құрамымен кездесу өтті.

Жеке құрамға әртүрлі жазаға тартылған әскери қызметшілер жайлы түрлі деректер ұсынылды. Әскери қызметтен жалтарудың зиянділығы туралы да пайдалы мәліметтер алға тартылды. Әскери қызметшілерге Қазақстан халқына және Президентіне адалдық, әскери борыш пен антқа берік болу, заңдарды сақтау және жалпы әскери жарғылар мен командирлердің (бастықтардың) бұйрықтарының талаптарын мүлтіксіз орындау – әскери қызметті атқарудың субелі қағидасы екені жан-жақты жеткізілді. Ұйымдастырылған шараның басты мақсаты әскери қызметтен жалтарудың (әскери қызметке себепсіз шықпай қою және әскери бөлімді өз еркімен тастап кетудің) алдын алу шарасы әскери тәртіпті нығайтуға бағытталады. Осындай алдын алу іс-шаралары болашақта жалғасын таба бермек.

Сонымен қатар, қазіргі таңда Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Әскери полиция органдарымен іздеуде жүрген 6 әскери қызметші - Н.Ж.Джумагалиев, Ж.А.Ережепов, Т.К.Джаманаев, А.А.Караваев, Р.В.Чефанов және Н.Р.Сатбаев бойынша бағдарлаулары жеткізілді.

Е.БЕКТУРГАНОВ,
әділет майоры

● 101 хабарлайды

Газ баллондардың пайдалану қағидалары

Газды орнату мен қолдануда өрт қауіпсіздік ережелерін бұзу себептерінен болатын өрттер тұрғын үйлер мен материалдық құндылықтарды жоюға, адамдардың өлімі мен жарақаттануына әкеліп соқтырады.

Бұл өрттердің басты себептері - құбырлардың, жалғастырып тұратын торлардың саңылауларына байланысты немесе газ плиталардың оттықтары арқылы газдың шығуынан болады. Газ баллондарын пайдалану 2 қабаттан, саны жағынан 8 пәтерден аспайтын тұрғын ғимараттарда қолдануға рұқсат етіледі. Ең басты - Сіздің газ қондырғысыз түзу жұмыс істеуі керек. Оны өзіңіз жөндеуге немесе білмейтін адамға жөндетуге болмайды. Жөндеу мен қызмет көрсету жұмыстары - маманның ісі. Жанып жатқан газдың оттегі жанып кетеді, сондықтан ас бөлмесінің ауа тазартатын тесіктерін жаппаңыз және бөлменің ауасын жиі тазартып отырыңыз.

Табиғи және баллондағы сұйылтылған газ ауамен қосылып жарылыс беретін қауіпті қоспа құрайды. Сол себепті бөлмеде газдың иісін сезе қалсаңыз сірінке, оттық шақпақ жағуға, электрді қосуға немесе сөндіруге, бөлмеге ашық отпен немесе тұтанған шылыммен кіруге тыйым салынады – осынның бәрі газдың жарылысын тудыруы мүмкін. Газдың иісі пайда болса тез арада газ құралдарын сөндіру керек немесе балоннан редукторды босатып, пәтердің ауасын тазартып, бөлмеде бар адамдардың шығуын қамтамасыз ету қажет.

ЕСТЕРІҢІЗДЕ БОЛСЫН: Газ баллонын төңкеріп немесе қиғаш қоюға болмайды. Егер газ баллондар үйдің жанына жайғастырылса, олардың әйнек пен есіктен ара қашықтығы 1 метрден кем болмауы керек, оларға күн сәулесі түспеуін қамтамасыз ету керек.

Газ баллондарды жерге көмуге, жер төледе немесе жер деңгейінен төмен орналастыруға болмайды. Газ баллонды жанында жанып тұрған от, қосылған электр құралдары болғанда ауыстыруға болмайды. Баллонды ауыстырардан бұрын ауыстырылатын және жаңа крандар жабық болуына көзіңізді жеткізіңіз. Газы бар баллондарды газ плиталарынан 0,5 мертден кем, жылу беретін радиаторлар мен пештерден 1 метрден кем, пеш оттықтарының есіктеріне қарсы 2 метрден кем ара қашықтықта орналастыруға болмайды. Әр баллонды ауыстырғаннан кейін сабын көпіршігінің көмегімен (отпен емес!) қосылған жерлерін тексеру керек. Содан кейін ғана газ плитаны қосуға болады, баллонның кранын әр қолданудан кейін жауып отыру керек.

Д.ШЫНДАУЛЕТОВ,
аудандық ТЖБ бастығы, азаматтық аға майоры

● 101 сообщает

ОСТОРОЖНО! УГАРНЫЙ ГАЗ!

Статистика показывает, что ежегодно на пожарах гибнут тысячи людей, пожар наносит огромный материальный ущерб государству, наносит психологическую травму людям, потерявшим своих родных и близких на пожарах. Но если огонь, который является причиной пожаров, мы можем увидеть, то есть враг, которого увидеть невозможно, а число его жертв очень внушительное. Враг этот угарный газ!

Угарный газ это продукт выделяемый при горения, является сильным токсичным веществом. Чаще всего жертвами угарного газа становятся целые семьи, проживающие в домах с неисправным печным отоплением.

С началом отопительного сезона число погибших от угарного газа начинает неуклонно расти. Самые распространенные источники — это газовые и масляные печи, дровяная печь, газовые приборы, нагреватели воды в бассейнах и двигатели, выбрасывающие выхлопные газы. Трещины в печах, забитый дымоход, заблокированные трубы могут привести к тому, что угарный газ достигнет жилых помещений. Недостаточный доступ свежего воздуха к печи может способствовать скоплению в доме угарного газа. Тесные конструкции домов также увеличивают риск отравлений угарным газом, поскольку они не обеспечивают свободную вентиляцию.

Люди теряя бдительность и игнорируя элементарные правила пожарной безопасности сами становятся жертвами угарного и газа и подвергают своих родных и близких опасности. Механизм воздействия угарного газа на человека состоит в том, что он, попадая в кровь, связывает клетки гемоглобина. Тогда гемоглобин теряет способность переносить кислород. И чем дольше человек дышит угарным газом, тем меньше в его крови остаётся работоспособного гемоглобина, и тем меньше кислорода получает организм. Человек начинает задыхаться, появляется головная боль, путается сознание. И если вовремя не выйти на свежий воздух (или не вынести на свежий воздух уже потерявшего сознание), то не исключен летальный исход.

При отравлении угарным газом наблюдаются следующие симптомы- шум в ушах, головная боль, учащенное сердцебиение. При длительном вдыхании угарного газа и неоказании помощи может наступить смерть.

В целях уменьшения количества пожаров, ежегодно, в рамках проведения месячника по пожарной безопасности в частном жилом секторе, сотрудниками Кербулакского отдела по чрезвычайным ситуациям проводится определенная работа, а именно подворные обходы частных жилых домов, разъяснение правил пожарной безопасности при использовании печного отопления на твердом и жидком топливе, вручение памяток.

А.УМБЕТОВ,
глав. спец ОЧС района, майор гражданской защиты

Итоги деятельности за 2018 год

Деятельность отделения дознания и розыска Отдела военной полиции Сарыозекского гарнизона основывается на Конституцию Республики Казахстан. Так согласно ст. 1 Конституции «Республика Казахстан утверждает себя демократическим, светским, правовым и социальным государством, высшими ценностями которого являются человек, его жизнь, права и свободы». Закона Республики Казахстан «Об органах военной полиции» от 21.02.2005 года. Согласно ст. 5 Закона следует, что одним из основных задач Органов военной полиции Вооруженных Сил Республики Казахстан, это «профилактика, предупреждение, выявление, пресечение и раскрытие преступлений и правонарушений среди военнослужащих, защита их прав и законных интересов». Так же согласно принципа «Нулевой терпимости к правонарушением» озвученным Президентом страны в своем послании «Стратегия «Казахстан-2050» новый политический курс состоявшегося государства» от 14.12.2012 года, программы «В армии нет место преступности на 2016-2021 гг.», программы «Профилактики правонарушений на 2016-2018 гг.», Уставов Вооруженных Сил Республики Казахстан и других нормативно-правовых актов Республики Казахстан сотрудниками отделения дознания и розыска Отдела военной полиции Сарыозекского гарнизона в воинских частях и учреждениях Сарыозекского и Жаркентского гарнизонов ведётся непрерывная профилактическая работа по предупреждению и пресечению преступлений и правонарушений среди военнослужащих всех категорий.

Так за 12 месяцев 2018 года в рамках проведения профилактической работы в воинских частях и учреждениях Сарыозекского и Жаркентского гарнизонов проведено 2209 профилактических бесед и занятий, в том числе и с военнослужащими склонных к совершению правонарушений и преступлений. Проведены 179 проверок воинских частей и учреждений, в том числе и в составе оперативных групп в выходные и праздничные дни, проведено 11 профилактических мероприятий с участием должностных лиц и военнослужащих гарнизона в формате круглого стола.

Кроме того на основании пунктов Программы «Профилактики правонарушений в Вооруженных Силах Республики Казахстан на 2016-2018 годы» были проведены декады и месячники со всеми категориями военнослужащих по предупреждению преступлений и правонарушений в воинской среде.

А. АҚЖОЛТАЕВ,
начальник отделение дознания и розыска отдела военной полиции Сарыозекского гарнизона, майор юстиции.

ОБНАРУЖЕН ТРУП НЕИЗВЕСТНОГО МУЖЧИНЫ с.Сарыбастау около фермы «АЙГЫРЖАЛ», ЕВРОПЕОИДНОЙ РАСЫ, В ВОЗРАСТЕ НА ВИД ОКОЛО 55-65 ЛЕТ, КОТОРЫЙ БЫЛ ОДЕТ: 1.БУШЛАТ ЗЕЛЕНОГО ЦВЕТА; 2. ТРИКО ЦВЕТА «ХАКИ»; 3. КОФТА ЧЕРНОГО ЦВЕТА; 4. КАМУФЛИРОВАННАЯ КУРТКА.

На правом плече тела имеется татуировка в виде «КУПОЛОВ», на левом предплечье трупа имеется татуировка в виде надписи, рассмотреть которую не представилось возможным. Владеющим какой-либо информацией о данном трупе, просим обратиться по номеру: 8-778-009-23-64, 8-701-458-36-11 или 102 (дежурная часть Кербулакского РОП).

Кербұлақ ауданы, Сарыбұлақ ауылдық округі Қарағаш ауылының Сарыбұлақ және Абай көшесі қиылысында орналасқан Ұлы Отан соғысы ардагерлеріне арналған ескерткіш пен Қазынсу ауылының оңтүстік жағында, 3000 метр қашықтықта орналасқан Балпықұлы Тіленші қазы ескерткіштері құжаттарының болмауына байланысты ескерткіштер иесіз деп танылсын.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Сарыөзек ауылы, Молдағұлова көшесіндегі №3 үй сатылады. Сегіз бөлмелі, еврожөндеу жұмыстары жүргізілген. Барлық жағдай жасалған. Ыстық, суық суы, кәріз жүйесі, монша, тұрақ, жаздық шайхана, үлкен алма бағы, бақшасы және қоражайы бар.

Мына ұялы телефонға: 8775 840 56 63; 8707 662 73 59 хабарласуға болады.

Оңғарбаева Гүлбағиза Тұрсынқызының атына 2013 жылғы 17 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы бойынша №313057 берілген «Күміс алқа» куәлігінің жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

2018 жылы 19 қыркүйекте қайтыс болған азамат Баладжигитов Ерлан Алимбековичтің мұрагерлері іздеуде. 19 наурыз 2019 жылға дейін мұрагерлерден мұрадан бас тарту немесе қабылдау туралы арыздарды, Алматы облысы, Кербұлақ ауданы, Сарыөзек ауылы, Б.Момышұлы көшесі, №1/4 мекен-жайда орналасқан нотариус Ж.К.Атабаева қабылдайды. Анықтама телефоны: 8777 385 45 51.

2018 жылы 23 тамызда қайтыс болған азамат Коныров Тоқан Шакеевичтің мұрагерлері іздеуде, 23 ақпан 2019 жылға дейін мұрагерлерден мұрадан бас тарту немесе қабылдау туралы арыздарды, Алматы облысы, Кербұлақ ауданы, Сарыөзек ауылы, Б.Момышұлы көшесі, №1/4 мекен-жайда орналасқан нотариус Ж.К.Атабаева қабылдайды. Анықтама телефоны: 8777 385 45 51.

2016 жылдың наурыз айының 23 күні қайтыс болған Тойлыбаев Марат Смагуловичтің мұрагерлері ізделуде. Мұрагерлерден бас тарту немесе қабылдау туралы арыздарды, Алматы облысы, Кербұлақ ауданы, Сарыөзек ауылы, Б.Момышұлы көшесі 1Г мекен-жайда нотариус Ишмуханбетова Шолпан Рымжановна қабылдайды. Анықтама телефоны: 8 707 899 46 97, 8 7787151779.

2018 жылдың қазан айының 17 күні қайтыс болған Нұрлыбекова Жанар Саркытбаевна мұрагерлері ізделуде. Мұрагерлерден бас тарту немесе қабылдау туралы арыздарды, Алматы облысы, Кербұлақ ауданы, Сарыөзек ауылы, Б.Момышұлы көшесі 1 Г мекен-жайда нотариус Ишмуханбетова Шолпан Рымжановна қабылдайды. Анықтама телефоны: 8 707 899 46 97, 8 7787151779.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

Открыто наследственное дело на имущество, оставшегося после смерти Туганбекова Адилгабила Джексембаевича умершего(ей) 14 мая 2013 года. Наследникам по вопросам о принятии или отказа от наследства обращаться нотариусу Ишмуханбетовой Ш.Р. по адресу: Алматинская область, Кербулакский район, село Сарыозек, ул. Б.Момышулы 1 «Г». Телефон для справок: 8 778 715 17 79.

Кербулакским районным судом №2 Алматинской области рассматривается гражданское дело по заявлению Жапашевой Ляйли Рахимжанқызы, проживающей по адресу: Кербулакский район, с.Когалы, ул.Курмангазы 11, об объявлении Жапашева Рахимжана, 25 августа 1938 года рождения умершим. Лицам, обладающим какой-либо информацией о месте нахождения Жапашева Рахимжана прошу сообщить в Кербулакский районный суд № 2 по адресу: Алматинская область, Кербулакский район, с.Когалы, ул.Тобаякова 33, в трехмесячный срок.

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
Кербұлақ ауданының әкімдігі

УЧРЕДИТЕЛЬ:
Акимат Кербулакского района

МЕНШІК ИЕСІ:
«Кербұлақ жұлдызы» ЖШС.

СОБСТВЕННИК:
ТОО «Кербулак жулдызы»

Директор - бас редактор:
Ләйлә ОҢАЛБАЕВА
Тел: 8 (72840) 31-1-75

Орынбасары:
Айнаш ҚАСЕНОВА

Тілші:
Дина ДУЙСЕНБАЕВА

Бухгалтер:
Айдана БЕЙСЕНБЕКҚЫЗЫ

Оператор:
Ильяс ОРАЗХАНОВ
Тел: 8 (72840) 31-1-75

Газет ҚР Инвестициялар және даму Министрлігі Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2017 жылғы 24 наурызда тіркеліп, № 16404 - Г куәлігі берілген.

Газета зарегистрирована в Инвестиции и развитие Министерство связи, информатизации и в Информационном комитете РК за №16404-Г от 24 марта 2017 года

Жарнама мен хабарландырудың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

За достоверность рекламы и объявлений ответственность несёт рекламодатель

Авторлардың пікірлері редакцияның көзқарасын білдірмейді. Мақалалар өңделеді, авторларға қайтарылмайды.

Мнение автора материала не всегда совпадает с мнением редакции Материалы обрабатываются, не возвращаются авторам

Офсеттік басылым көлемі 1 баспа табақ Осы шығарылымның таралымы 3178 Тапсырыс № 144 Газеттің жазылу индексі: Жеке тұлға үшін: 65761 Заңды тұлға үшін: 15761

Объем издания 1 печатная пластина Тираж данного выпуска составляет 3178 Заказ № 144 Индекс подписки на газету: Для физических лиц 65761 Для юридических лиц 15761

Газет «Кербұлақ жұлдызы» газетінің редакциясында теріліп, беттеліп, Талдықорған қаласындағы «Алматы-Болашақ» АҚ филиалы «Офсет» баспаханасында басылады. Мекен-жайы: Талдықорған қ-сы, Қабанбай батыр к-сі, 32.

Газета печатается, обрабатывается в редакции газеты КЖ, отпечатано в типографии «Офсет» филиала АО «Алматы-Болашак». г. Талдыкурган, ул. Кабанбай батыра, 32.

Газет аптасына бір рет, жұма күні шығады
Газета выходит один раз в неделю каждую пятницу

Мекен - жайымыз: Кербұлақ ауданы, Сарыөзек ауылы, Момышұлы к-сі, 1 Г. Телефон/факс: 8 (72840) 31-1-75 Электронды пошта: redakcia_kz@mail.ru Интернет-редакция: kerbulak.com

Наш адрес: Кербулакский р-н, п.Сарыозек, ул. Момышулы 1 Г. Телефон/факс: 8 (72840) 31-1-75 Электронная почта: redakcia_kz@mail.ru Интернет-редакция: kerbulak.com

Кезекші редактор
Дежурный редактор:
А.Қасенова